1. Жаңа ғимарат және материалдық техникалық базаны нығайту; Мекемеге қарасты 10 қала, аудандық бөлімдердің есебінен қызметкерлер мен үйірмешілер саны артып, орталық ретінде заманауи жабдықталған ғимарат қажеттігі туындауда. Туристік-өлкетану, экскурсия, археология, ұлттық туризм және экологиялық бағыттағы Облыстық, қалалық, аудандық іс-шараларды өз деңгейінде ауқымды өткізуге, үйірмешілермен өткізілетін практикалық сабақтардың маңызды өткізілуі үшін материалдық техникалық базаны нығайту қажет;

2. Басқарма тарапынан балалар туризмін түсінетін маман жоқтығы;

3. Туристік скалодром;

4. Штат және педагог қызметкерлердің жетіспеуі;

5. Мемлекетті сатып алу заңнамасы бойынша іс-шара өткізуге өзгеріс енгізу;

6. Спорттық туризм және экстремалды туризм бойынша нұсқаушыларға арналған курстар өткізу.



Батыс Қазақстан облысындағы балалар туризмінің дамуы



БЕКҚАЛИЕВ
Ғалым Ибатоллиевич
ОБЖТЖЭО-ның директоры,
Орал қ., БҚО

Батыс Қазақстан облыстық балалар мен жасөспірімдер туризмі және экология орталығы - Республикада 63 жылдан бері үздіксіз жұмыс жасап, тәжірибесін жаңартып, дамытып отырған орталық. Бүгінгі таңда облыс бойынша 14 орталық: 2 облыстық және қалалық туризм және экология орталығы, 12 аудандық орталықтар мен жас туристер станциялары жұмыс істейді. (Республика бойынша барлығы 40 туризм орталығы бар)

Орталық құрамында бес бөлім бар: туризм және қауіпсіз маршруттар, спорттық бағдарлау, өлкетану және аймақаралық ынтымақтастық, экологиялық туризм, дене шынықтыру және спорт бөлімдері бар.

«Соқпақ-Тропинка» республикалық ғылыми-әдістемелік журналы 18 жылдан бері жылына 90-нан астам педагогтің әдістемесі мен ғылыми-

зерттеу жұмыстарын таратуда.

Орталықта облыстың туристік-өлкетану қызметінің жарты ғасырдан астам тарихын жан-жақты ашып көрсететін «Балалар туризмі тарихы» музейі да маңызды тапсырмаларды орындауда. Қазіргі таңда мектеп жанындағы музейілер ісімен айналысады, облыста 169 мектеп музейі бар, оның 133-і паспортталған.

Облыс орталығының құрылымына спорттық-туристік, өлкетанулық, патриоттық және демалыс іс-шараларын өткізетін «Евразия» туристік кешені (2013 жылы республикадағы ең үздік балалар турбазасы деп танылған) және «Самал» туристік лагері кіреді.

Облыстық балалар-жасөспірімдер туризмі және экология орталығының үйірмелерінде туристік, өлкетану, экологиялық бағыттағы қосымша білім беру, сондай-ақ спорттық бағдарлау және спорт



бағдарламалары іске асырылады. Атап айтсақ, 2022-2023 жылында 63 үйірмеде 892 оқушымен 46 қосымша білім беру педагогі жұмыстанады. Ал облыс бойынша 11 мыңнан астам оқушы осы бағытта қосымша білім алууда.

Облыс оқушылары жылына 150-ден астам (демалыс күнгі, дәрежелі және санатты туристік) жорықтар шығады.

БҚО құрама командасы 7 жыл ішінде туристік көпсайыстан ҚР Кубогының жеңімпаздары болып табылады. Бұл жарыс 5 кезеңнен тұрады (табиғи және жасанды рельефтегі шаңғы, су, велосипед, жаяу жүргіншілер, тау туризмі техникасы).

БҚО-да республикалық жарыстарға қатысу қорытындысы бойынша 7 спорт шебері, спорттық туризмнен 28 спорт шеберіне кандидат және 1 спорт шебері, спорттық бағдарлау бойынша 8 спорт шеберіне кандидаттар бар.

Соңғы 7 жыл бойы «Менің Отаным Қазақстан» туристік-өлкетану экспедициясының экспедициялық жасақтары республикалық слетінің жүлдегерлері атанды.

Жыл сайын орталық базасында 5 мыңнан астам балалар мен жасөспірімдердің қатысуымен 50-ге жуық шара өткізіледі. Олардың қатарында «Еуропа-Азия» туристік фестивалі, «Жайық толқыны» облыстық өлкетану фестивалі, М.Жұмаевтың жүлдесіне тау туризмі мен жартасқа өрмелеу техникасы бойынша жарыстар, «Қарлығаш» облыстық туриадасы, спорттық бағдарлау бойынша жарыстар, «Жайық-Урал» туристік-экологиялық экспедициясы, «Қазақстанның жеті кереметі» туристік-өлкетану экспедициясы, бард әндерін жас орындаушыларының «Шырқаған жастық шақ» облыстық фестивалі.

Күні кеше бізде Дүниежүзілік туризм күніне арналған іс-шара - білім беру қызметкерлері

арасындағы «Еуропа-Азия» республикалық туристік фестивалі аяқталды, оған 23 командадан 164 педагог қатысты. Оған қатысқан әр педагог біліктілігін сынап қана қоймай, өз ісіне қажетті тәжірибе жинап, болашақта белсене жұмыстануға серпін алды деп ойлаймыз.

Экологиялық туризм бағыты бойынша 2023 жылы Батыс Қазақстан облысының «Сармат» құрама командасы жас геологтардың республикалық ашық олимпиадасында 1-ші орынды иеленді. Қатысушылардың бірі ҚБТУ-да білім беру грантының иегері атанды.

Сонымен қатар ОБЖТЖЭО-ғы жазғы кезеңде балалар демалысын ұйымдастырумен айналысады, екі базада (маусым, шілде, тамыз) 2 мыңға жуық бала демалады. Ал, бір жыл ішінде облыс бойынша туристік базаларда 10 мыңға жуық бала демалады.

Орталықтың Ресей, Беларусь туристік ұйымдарымен бірлесе жұмыстанатын «Достық көпірі» халықаралық жобасына 2-ші жыл. Жобатәлімгерлер қозғалысының, педагогтар мен балалардың бірлестігі.

Жобада ұйымдастырушылық кездесулер, бірлескен іс-шаралар, тәлімгердің қызметінде заманауи ақпараттық технологияларды қолдану әдістемелерін үйрену, тәжірибе алмасу, онлайн кездесулер, «Достық көпірі» онлайн-лагерін өткізу жұмыстары жоспарланып, өткізілді.

Алдағы уақытта жоба аясында:

- тәлімгерлерге арналған «Шекарасыз жаз» семинары;
- «Табысқа жету үшін кездесуге» тәлімгерлерді тарта отырып, балаларға арналған онлайн-ауысымы;
- тәлімгерлер мен балаларға арналған шеберлік сыныптарын өткізу жоспарланды.





**О реализации рекомендаций Республиканского
координационного совета директоров
организаций дополнительного образования
туристско-краеведческого направления и
задачах на новый учебный год
(О выполнении рекомендаций
Координационного Совета от 11 февраля 2023 года)**



ИГАМБЕРДИЕВ
Ренат Равильевич,
председатель Республиканского
координационного совета,
руководитель туристско-краеведческого
отделения Дворца школьников
г. Алматы

В Казахстане туристско-краеведческое направление рассматривается как очень важная составляющая инновационного развития страны.

В рамках поставленных государством задач по развитию туристской отрасли одним из основных направлений является развитие активных видов туризма путем широкого вовлечения подрастающего поколения в этот процесс.

На самом деле, туристское движение и детско-юношеский туризм представляют собой уникальное социальное явление.

Во-первых. Детско-юношеский туризм и краеведение в дополнительном образовании детей - это эффективное средство воспитания, обучения, оздоровления, профориентации, социальной адаптации учащихся, утверждения здорового образа жизни.

Во-вторых. Детско-юношеский спортивный туризм – это не только вид спорта и отдыха, а, прежде всего, элемент физического, духовного и патриотического воспитания и считается противовесом антиобщественным явлениям в обществе – наркомании, алкоголизму, детской и молодежной преступности.

В-третьих. Это шаг к формированию патриотизма через познание своей страны, ее природного разнообразия, истории и культуры.

Таким образом, туризм несет в себе огромный социально-культурный потенциал и является, прежде всего, важным элементом не только физической, но и экологической, нравственной, эстетической и других сфер культуры.

В республике туристско-краеведческую деятельность осуществляют 40 станций и центров юных туристов-краеведов с охватом 30451 школьников, при

этом 14 станций в Западно-Казахстанской области, в которых занимается 11557 школьников.

Поэтому не случайно для проведения выездного заседания Республиканского Координационного совета выбрана Западно-Казахстанская область. Это и большая честь, и ответственность.

Весной этого года в Акмолинской области на расширенном заседании Координационного совета нами были приняты ряд рекомендаций, о выполнении которых я хотел бы сейчас сообщить. Но прежде всего от имени всех присутствующих я хотел бы отметить большую роль РУМЦДО МП РК и поблагодарить Центр за возможность 400 педагогам туристско-краеведческого направления повысить свою квалификацию, что позволило им пройти аттестацию. С учетом предложений членов координационного совета обновлены образовательные программы. Разработана образовательная программа для инструкторов, и 100 человек по данной программе повысили свою квалификацию.

На предыдущем заседании мы говорили о значимости проводимых мероприятий, как на региональном, так и на республиканском уровнях. Сегодня правильно ставится задача перед нашими станциями и центрами юных туристов и школами, что важно проводить такие мероприятия не от случая к случаю, а в течение года, начиная со школьного уровня. В большинстве регионах так и делается, но не во всех.

Итоги республиканских мероприятий говорят о формальном подходе к подготовке участников команд для участия в мероприятиях на республиканском уровне. Это и несвоевременное предоставление заявок, и непроведение школьных, районных и

областных этапов в таких регионах: области Абай, Ұлытау, Алматинская, Кызылординская, Мангистауская области.

Слабая подготовка к республиканским слетам, соревнованиям является результатом не только недостаточного внимания к развитию данного направления, но и отсутствия должного взаимодействия школ с организациями дополнительного образования, а также слабой координации данного вопроса со стороны органов образования.

На всех заседаниях Координационного Совета речь идет о внедрении лучшего опыта по детско-юношескому туризму в республике, в частности Западно-Казахстанской, Актюбинской, Павлодарской, Мангистауской, Туркестанской областей. Хотелось бы, чтобы на местах наши коллеги активно использовали этот уникальный и полезный материал. К сожалению, в 2022 году ни одна организация не представила материалы в РУМЦДО МП РК из опыта работы своего коллектива.

Хотя на всех Координационных советах мы говорим, чтобы вы предоставляли материалы для обобщения.

Уважаемые участники Координационного Совета, как вы знаете, для привлечения внимания нашего общества к вопросам развития детско-юношеского туризма важное значение имеет информационно-пропагандистская работа, освещение своей деятельности в соцсетях.

Особенно хочется отметить грамотный подход к этому вопросу в Туркестанской области, в частности лично Сауле Омирсериковны Омирбаевой и ее коллег. Только в летний период по инициативе областной станции туризма этого региона было опубликовано в СМИ, социальных сетях более 2000 разных постов и статей. Именно через такие публикации мы показываем свою работу, вовлечение наших детей в разные проекты, направленные на изучение родного края, достопримечательностей, сакральных мест.

Пользуясь возможностью, хотел бы внести ряд предложений по дальнейшему развитию системы детско-юношеского туризма.

Во-первых, для качественной работы с детьми по-нашему направлению необходимо улучшение материально-технической базы. На сегодняшний день обеспеченность наших станций и центров составляет лишь 50%. Отсутствие достаточного количества палаток, рюкзаков, веревок и другого туристского снаряжения сказывается на качественном проведении мероприятий, походов и экскурсий.

Наше оборудование не долговечно, подвержено быстрому износу, любая веревка может продержаться

ся один-два сезона, палатка и спальники максимум три. И приобретение его через портал становится большой лотереей.

В связи с этим, назрела необходимость в разработке норм оснащения оборудованием и мебелью внешкольных организаций, в том числе, станций и центров юных туристов.

Во вторых, в отдельных регионах наблюдается стагнация, нет позитивных сдвигов в части массового вовлечения детей в детско-юношеский туризм: Городская станция юных туристов г. Актобе, станция юных туристов Курмангазинского района Атырауской области, Центр детско-юношеского туризма и краеведения г. Текели Жетисуской области. В течение последних трех лет нет изменений в количестве детей, занятых туризмом.

Причиной такого положения является недостаточная компетентность некоторых руководителей станций и центров, отсутствие взаимодействия станций и центров со школами и родительской общественностью.

Предлагаю для изменения ситуации:

- разработать механизм проведения мониторинга деятельности центров и станций юных туристов и проводить рейтинг наших организаций;

- использовать в работе методические рекомендации МП РК «Критерии оценки качества услуг и результативности деятельности организаций дополнительного образования, в том числе туристско-краеведческого профиля», которые опубликованы на сайте РУМЦДО МП РК.

Важная тема сегодня – это нормы расходов на питание детей в походах. Об этом мы говорим уже много и долго. Предлагаю рассмотреть предложение о разработке нормативного правового акта о нормах питания детей в походах в зависимости от их категоричности.

Если вы помните, в свое время у нас был документ, на который мы ориентировались: «Концептуальные подходы к развитию детско-юношеского туризма в Казахстане», разработанные РУМЦДО МП РК. Но этот документ действовал только с 2015 по 2018 годы. В связи с этим также предлагаю обновить этот документ, мы готовы включиться в его дальнейшее обсуждение. Хорошо, что есть у нас такой Координационный Совет, который способствует продвижению и решению вышеназванных проблем.

Большое спасибо акиму области Турегалиеву Нариману Турегалиевичу, Раисе Петровне Шер, Елене Ивановне Тарасенко за предоставленную возможность встретиться и обсудить наболевшие и актуальные вопросы.

Благодарю за внимание!



Рәміз – ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ



БУЛТАНОВА

Жібек Қамызбайқызы

**Ф.ғ.к., Мәдениет және ақпарат
министрлігі, Архив, құжаттама
және баспа ісі комитеті,**

**Геральдикалық зерттеу бөлімі басшысы,
Астана қаласы.**

Аңдатпа.

Мақалада автор отандық ғылымда дербес сала ретінде таныла бастаған рәміздер тарихын қарастыратын рәмізтану ғылымы жайлы сөз етеді. Әлемдік, халықаралық деп танылған саяси терминдер астарында империалистік пиғылды көздейтін ұлттық құндылықтарға жат терминдердің болатынын алға тартады. Дін, дәстүр, мәдениет – ұлттың дүниетаныммен астасқан мәдени-рухани болмыс, салт-дәстүрінен сыр шертетін этномәдени кодтар мен белгілердің жиынтығы деп тұжырымдайды. Тұңғыш рәмізтанушы Ербол Шаймерденұлының ұлттық рәміздердің құрылымдық жүйесін түзуде Еуропа, Ресей ілімдерін негізге алғанымен әлемдік рәміздердің қағидалары мен жіктелуін нақпа-нақ көшірмегенін, ұлттық рәміздердің ұқсастығын (құрылым), өзгешелігі мен ерекшелігін ежелгі деректермен байланыстыра отырып көрсеткенін баяндайды. Ұлттық рәміздерді дәріптеу, тарихи рәміздердің арғы-бергі тарихын түгендеу, әлемдік рәміздермен байланысы, халықаралық тәжірбие және бүгінгі рәмізтанудың өзекті мәселелерін зерттеп-зерделейді.

Ғылыми-танымдық мақала таңбатанушы, мәдениеттанушы, саясаттанушы, рәмізтанушы, педагогтер және осы салаға қызығушылығы бар көпшілікке арналады.

Аннотация.

В статье автор рассказывает о науке, рассматривающей историю символов, которая стала признаваться в отечественной науке как самостоятельная отрасль. Политические термины, признанные мировыми, международными, предполагают существование терминов, чуждых национальным ценностям, преследующим империалистические мотивы. Он утверждает, что религия, традиции, культура – это совокупность этнокультурных кодов и символов, переплетающихся с мировоззрением, традициями, культурными и духовными реалиями нации. Первый символист Ербол Шаймерденович в построении структурной системы национальных символов, опираясь на учения Европы, России, отметил, что принципы и классификация мировых символов не были точно воспроизведены, а сходство (структура), и своеобразие национальных символов отражены в связях с древними данными. Изучает актуальные вопросы популяризации национальных символов, инвентаризации истории исторических символов, связи с мировыми символами, международного опыта и современного символизма.

Научно-познавательная статья посвящена культурологу, политологу, символисту, педагогам и широкой общественности, интересующейся данной областью

Кілт сөздер: мемлекеттік рәміздер, рәмізтану, ұлттық код, таңба, белгі, нышан, геральдика

Рәмізтану – рәміз тарихын зерттейтін ғылым. Алайда рәмізтану отандық ғылымда дербес сала ретінде енді ғана қалыптасып келеді. Рәміздер туралы сөз қозғағанда әлемдік һәм ұлттық рәміздердің ара-жігін ажыратып алуымыз керек. Әлемдік, халықаралық терминдерді қолданған кезде мұқият және абай болғанымыз жөн. Себебі сол терминдердің этимологиясында империалистік амбицияны көздеген, өзге елдердің құндылықтарына қарама-қайшы ұғымдар болуы мүмкін.

Рәмізтану ғылымы ұлттық рәміздер және әлемдік рәміздер тарихын қарастырады. Мемлекеттік рәміздер мәселесі алғаш сөз болған жылдарда «рәміз» атауына байланысты біршама пікір болған екен. Рәмізтану ғылымының негізін қалаған Ербол Шаймерденұлы «рәміз» терминін ұсынған. Сондай-ақ «Қазақ елінің рәміздері», «Елтану әліппесі», «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік рәміздері», «Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері», «Тәуелсіздік нышандары», «Елтаным» атты құнды кітаптар – Ербол Шаймерденұлының рәмізтанудағы айқын қолтаңбасы.

Тұңғыш рәмізтанушы Ербол Шаймерденұлы не себепті «геральдика» терминін қолданбады, неге «рәмізтану» терминін ұсынды. Осы мәселеге ой жүгіртіп көріңіз.

Адамзат мәдениетінің екі тармағы, екі өркениет және екі түрлі дүниетаным Шығыс


және Батыс әлемі. Батыс геральдикасының басты символдық негізі өзінің діни дүниетанымынан бастау алады (крест-белгі). Батыс Еуропа және орыс гербтері тарихын жан-жақты қарастырған А.Б.Лакиер алғаш рет 1855 жылы Петербургте басылған «Русская геральдика» кітабында «геральдика» түсінігі крест жорықтарынан бастау алатынын баяндайды. «Позднее, например во время Крестовых походов, когда дворянство и рыцарство всей Западной Европы, вдохновившись одной святой идеей, шло на Восток для освобождения Гроба Господня, необходимость в этих знаках была еще настоятельнее, и мы увидим, что это событие было одним из главных, давших толчок развитию гербов».

Аталған еңбегінде А.Б.Лакиер: «Крест, символ той святой цели, для которой предпринимался поход, был виден повсюду, разных цветов, в различном положении. Если до этой эпохи крест нередко красовался на гербах, то Крестовые походы внесли его в гораздо большее число гербов рыцарей, поднимавших оружие за святой крест» деп түсіндіреді.

Орта ғасырларда діни белсенділіктің күшеюімен үдеген крест жорығы сегіз рет ұйымдастырылған. Еуропа тарихшыларының жүзжылдық пікірталасына айналған бұл жорықтар Батыс Еуропа елдері тарапынан жүргізілген әділетсіз, басқыншылық соғыстар еді.



Крест жорықтары



Ежелгі орыс тулары

Крест жорықтары кезінде кресшілер крест-белгіні матадан қиып алып, оны киімдеріне тігіп, жорыққа аттанушының (христиандар) ең негізгі белгісі ретінде қолданған. Сол себепті Крест жорықтары деп аталған.

Батыс Еуропа елдерінің бүгінгі туларында, гербтері т.б. рәміздер жүйесінде жоғарыда сөз еткен шіркеу белгілерін байқау қиын емес. Ресей батыстық құрылымды нақпа-нақ көшіріп (дүниетанымдары бір) геральдиканы ғылым ретінде дамытып отыр.

Елімізде өздерін «геральдиспіз» деп жарнамалап жүргендер бар. Геральдика ғылыми анықтамасында гербтер тарихын зерттейді. Гербтер тарихын зерттеуші- геральдист. Ал түркі елдерінде герб болмаған.

Геральдика ғылымы түркі өркениетінің тұтас тарихын айғақтайтын (ежелгі тотемдік белгілер, ру, тайпа, қаған, қағанат таңбалары, байрақ-тулары, мөр, кірке) әлеуметтік-саяси мақсатта қолданылған рәміз, нышан, белгі, яғни, ұлт пен ұлыс, тайпа мен ру таңбаларының сыр-сипатын, қызметін арнайы зерттемейді.

Рәмізтану ғылымы тарихи рәміздерді, таңбалар мен белгілердің шығу тегі мен дамуын, ғылыми жүйелеу, біріздендіру, рәміздік таңбаларды тану, олардың түрлері, маңыздылығы, қолданылу аясы және түркі өркениетінің тұтас тарихын айғақтайтын байырғы түркі дәуіріндегі рәміздік таңбалардан Елтаңбаға дейінгі белгілердің философиясы, семантикасы, символдық

мәнін т.б. ұлттық дүниетанымға қатысты мәселелерді қарастырады.

Мысалы, рәмізтанушы «Елтаным» еңбегінде: «Ресейдің құрамындағы облыстар мен қалалардың барлығының елтаңбалары белгіленген ортақ тәртіп бойынша жасалып, рәсімделіп отырған. Ресей империясының Заңдар жинағында қазақ жеріне қатысты алты облыстың (Ақмола, Семей, Жетісу (Семиреченская деп жазылған), Сырдария, Торғай, Орал) және бес қаланың Верный (Алматы), Петропавл, Семей, Торғай, Орал) рәміздерінің суреттері мен сипаттамалары берілген» дейді, әрі қарай «Елтаңбалардың арасындағы ең алғаш жасалғаны хәм принципті ерекшелігі бары – Қызылжар (Петропавл) қаласының елтаңбасы. Ол 1842 жылғы 7 қыркүйекте бекітілген. Бұл тұста Қызылжар – Тобыл губерниясының Ақмола облысындағы уезд орталықтарының бірі еді» деп көрсетеді.

Орыс билеушілерінің қол астына өткен Қазақстан қалаларының гербтерінде принципті түрде геральдикалық корона (тәж) көрініс тапқан. Геральдикалық коронаның (тәж) төбесінде геральдикалық крест орналастырылған және александр лентасымен көркемдеу дәстүрге енген.

Петр I-нің Орта Азияны «Ключ к воротом в Центральную Азию» сөзін ескерсек, гербтердегі геральдикалық корона, геральдикалық крест, александр лентасы т.б. бейнелерде отаршылдық әрекет, бодандық



1-сурет. Петр I патшаның шоқындыру кресті (наперсный крест)
2-сурет. Геральдикалық коронасы 3-сурет. Қалалар гербтері

сипат анық көрінеді және әр өңірдің табиғи ерекшелігі (егін және мал шаруашылығы) орыс билеушілерін қызықтырғаны отаршылдық гербтердің идеясы әйгілеп тұр. «Болыстық ел басқару саясаты мен Ресей империясының қазақтарды шоқындырып, орыстандыру саясаты қатар жүргізілді».¹

¹ Мекемтас Мырзахметұлы «Абайдың толық адамы», «Қазығұт» баспасы, 2020 ж. 49 б.

А.Б.Лакиер кітабында «Покажите мне ваш герб: я скажу, какого вы рода» деген пікірді айтады. Бұл сөзді қазақшаласақ «тегін білмеген тексіз» деген шығар еді. Ал, тек дегеніміз шежіре. Шежіре әр халықтың ру-тегін, таралауын баяндайтын ғылым. Осы орайда таңба және таңбатану, рәмізтануға қатысты деректерді жүйелеу, жандандыру жұмыстарын қолға алуымыз керек.

Елтаңбаның тегі таңбаларда. Сондықтан да біз оны ЕЛТАҢБА деп атаймыз. Қазақ халқының өз дүниетанымы «шаңырағың

кең, керегең кең, босағаң берік болсын» – шаңырақ, босаға, кереге ұғымдары Мемлекеттік Елтаңбада анық көрініс тапқан.

«Көп түрік енші алып тарасқанда, Қазақта қарашаңырақ қалған жоқ па?!», - дейді Мағжан ақын. Рәміз дегеніміз жалпы айтқанда, осы қарашаңырақ туралы киелі әңгіме. Яғни, ата-баба мұрасы, ұрпақ еншісі, мұрагер елдің төлқұжаты. Демек, Рәміздер (ту, елтаңба, әнұран) қазақтың сан ғасырлар бойы қалыптасқан мәдени-рухани болмысы, таным-түсінігі, салт-дәстүрінен сыр шертетін этномәдени кодтар мен белгілердің жиынтығы, бабалардың рухы сіңген аяулы аманат.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ербол Шаймерденұлы. Шығармалары. Бесінші том. 2014 ж.
2. Ербол Шаймерденұлы. Елтаным. «Sunshine plus», Алматы, 2022 ж.
3. А.Б. Лакиер. «История российской геральдики» Эксмо, 2007.



Көнеккеткендегі құлпытастар құпиясы

СҮЛЕЙМЕНОВА

Гүлбаршын Зайдоллақызы
О.Исаев атд. ЖОББМ-нің
кітапханашысы, өлкетанушы,
Орал қ., БҚО



***Аңдатпа.** Құлпытас - қазақтың ұлттық рухы, тілі, тарихы, жазба мәдениеті мен сәулет өнерінің ескерткіші. Ол жердің иесінің кім екендігін дәлелдейтін құжат, сонымен қатар ерекше қолөнер туындысы әрі кешегі бабалардың айбыны мен айбарының айғағы. Мақалада Әйтiмбет, Әліп, Қызылақырап, Байтоқа, Қойбас қорымдарындағы 58 құлпытас суретке түсіріліп, хатталып, оқылғандығы жазылған.*

Мақала қосымша білім беру саласында өлкетану ісімен жұмыстанатын педагогтарға бағытталған.

***Аннотация.** Құлпытас-памятник Казахского национального духа, языка, истории, письменной культуры и архитектуры. Это документ, подтверждающий личность владельца земли, а также уникальное ремесленное произведение и свидетельство вчерашних предков. В статье было сфотографировано, написано и прочитано 58 надгробий в могилах Айтiмбет, Алип, Кызылакап, Байтока, Койбас.*

Статья адресована педагогам, занимающимся краеведческой деятельностью в сфере дополнительного образования.

***Кілт сөздері:** құлпытас, Әйтiмбет батыр Қаратайұлы, Өтеген би Ерубайұлы, Елші бай Қаратайұлы, Сапи Жомартұлы, Тайлан құдығы*

Біздің ата-бабамыздың кереметтігі сол – ұрпағы тарихын білгісі келсе еңбектеніп іздеп табарлық белгілер, мәліметтер қалдырған. Солардың бірі және ең жиі кездесетіні – құлпытас.

Құлпытас – қазақтың ұлттық рухы, тілі, діні тарихы, жазба мәдениеті, сәулет және қолөнер өркениеті, жердің нағыз иесі кім екендігін дәлелдейтін белгі, әр адамның ата-тегі. Құлпытас сөзінің астарында терең мән жатыр. Зерделеп зерттесек, сипаттамасын жазып, аударсақ тегіміздің кім екенімізді білеміз. Елдің қамын ойлаған хан, би, батыр, әулие, ғұламалардың жатқан жері болашақта туризмнің өзегіне айналары анық. Себебі, кім болса да, ұрпағының елге адал қызмет ету арқылы танымал болып, ізін абыроймен жалғастырғанын қалайды. Өзі үшін,

елі үшін үлгі тұтарлық бабаларымыздың басына барып, туған жерді аралап халқын, жерін сағпайтын ұрпақ тәрбиелеуге тырысады. Оның сыртында сырттан келген қонақтарды да сол жерлерге апарып, туризмді жандандыра түседі. Сондықтан елу не жүз жылдан кейін бұл құлпытас жаңбыр мен қар, күннің көзі, жел т.б. табиғаттың түрлі әсерінен тозып, жазбалар оқылмай қалары анық. Оған мал сүйкеніп, жазуын кетіріп, не құлатып тастау мүмкіндігі және құм көшуінен көміліп, жер астында қалып қоюын қосыңыз. Демек, құлпытасардың өмірі өлшеулі. Қорыта айтқанда бабаларымыз құлпытасқа қашап қалдырған көне жазуларды оқып, танып, түсініп, ертеңгі ұрпаққа аманаттау – бүгінгі біздің перзенттік парызымыз. Сол парызымызды кішкене ғана болса да өтегендейміз.

2018 жылы маусым айында Ақжайық ауданы Көнекеткен ауылы О.Исаев атындағы орта білім беретін мектебінің ұйымдастыруымен мектеп ішінен құрылған топ мүшелері тарих пәнінің мұғалімдері Айгерім Қаланғалиқызы, Айгүл Жеңісқызы, әлеуметтік педагог, дінтану пәнінің мұғалімі Нұрболат Мәулетұлы, музей жетекшісі Гүлбаршын Зайдоллақызымен және үйірме мүшелері, көне эпиграфикалық ескерткіштерді зерттеуді қолға алған болатын. Негізі көне эпиграфиялық ескерткіштерді зерттеу жұмыстарына аудандық мамандар Туризм және экология орталығының бас маманы Зейнолла Нұрмұханбетов бастаған топ, ардагер журналист Бақтығали Қоспаев, фотоға түсіруші Сакен Әбілхайыров келген еді. Осы мамандардың салып кеткен сара жолымен тоқтап қалмай, жоғарыда айтылған топ жалғастырып жұмыстанды. Жүргізілген жұмыстардың нәтижесі облыс орталығындағы белгілі зерттеуші, тарихшылардың, журналистердің қолына табыс етілген еді.

Қазақ хандығының 550 жылдығына арналған «Өз өлкеңді өзгеден бұрын таны» атты ғылыми-танымдық конференциясының материалдары кітабындағы «Батыс Қазақстан облысы аумағындағы көне ескерткіштер – XVIII-XX ғасырдағы араб жазулы құлпытастарды қорғау, кешенді зерттеу мәселесі» атты Жантас Сафуллиннің мақаласында «Аудан, ауыл әкімдері мектеп басшылары болсын осыған белсене араласса, құрамына жергілікті өлкетанушы, тарих пәнінің мұғалімдері, басқа, елінің болашағына еңбек етуге дайын ауыл белсенділерін, қосып топ құрса. Топ мүшелері өз ауылының аумағына кіретін



Қосымша 1.
Әйтiмбет батыр Қаратайұлы XVIII ғасыр .

барлық қорымды анықтап, арнайы дайындалған нұсқаулыққа сай бірін қалдырмай нөмірлеп, суретке түсіріп беруді ұйымдастырса, негізгі жұмыс атқарылады» делінген болатын. Осы мақаланы негізге алып, мектеп басшысының қолдауымен құрылған топтың ізденуімен өзіміздің жергілікті құлпытастарды, «DANA kaz» журналының бас редакторы, республикаға белгілі журналист – Қазбек Құттымұратұлына қолқа салып, сол кезде 8 құлпытас оқылған болатын. Одан әрі тағы да біраз оқи алады деген жандармен хабарластық. Қазіргі уақытта Бөкей Орда тарихи мұражай кешенінің бөлім меңгерушісі Гүлмару Самифоллақызымен бірлесіп жұмыстанудамыз. Ең даламызда құпиясын ішіне бүгіп жатқан 5 қорымның 58 құлпытасын фотоға түсіріп, сипаттамасын жазып, нөмірледік. Гүлмару Самифоллақызы 44 құлпытасы оқып берді. Сонымен қатар саны 6 құлпытас сипатталып тағы жіберілді. Осындай жұмыстардың нәтижесінде Әйтiмбет, Әліп, Қызылақырап, Байтоқа, Қойбас қорымдары зерттеліп сипатталып болды. Алдағы уақытта Үлкен Қарасу, Кіші Қарасу, Саржала, Әлжан жерлеріндегі қорымдарды зерттеу жұмыстары тосып тұр. Бұл енді болашақтың еншісінде ауқымды жұмыс болмақ.

Сонымен Көнекеткен ауылына қарасты қорымдағы құлпытастардың сипаты:

Әйтiмбет қорымы: Қорым Қамыстыкөл ауылының теріскей жағында 3 шақырым жерде орналасқан. Қорымның аумағы 200x150 м, сыммен қоршалған. 50-ге тарта ежелгі құлпытастар бар.

Әйтiмбет қорымындағы құлпытастардан оқылған тұлғаларға тоқталып кетсек. Жалпы бұл қорымда Байбақты руы, Қынық тайпасы, Жолдғұлдың балалары, Қаратай, Ерубай, Итестен тараған ұрпақтар жерленген.

Әйтiмбет батыр Қаратайұлы XVIII ғасыр өкілі. (1741 ж – 1826 ж)

Әйтiмбет батыр туралы ауыл ақсақалдарынан тараған үлкен аңыз бар. «Біз бала кезімізде, атамыз әңгімелеп отыратын», - дейді қазір 80-нен асқан ауыл қариясы Жәрдем Ғабдөшұлы. «Ай, қарақтарым-ай, кешегі бір күндерде ескі әңгімені білетін қарттар көп еді-ау! Бәрі кетіп қалды ғой! Бар білгенімді айтайын» деп әңгімесін бастады.

Әйтiмбет батыр нар тұлғалы, қайратты, өжет, бірбеткей қырсық адам болған деседі. Мені жерлегенде аяғымды батыс жаққа берiндер, аяғыммен кәпірлерді тіреп жатамын депті.

Батырдың құлпытасына зерделеп қарасақ, қорымның сай жақ жағына, күннің шығыс бағытына қойылған екен. Содан ойға келдік



№ 44 құлпытас

1. Нуа әлхилаф әлбақи
2. Байбақты руы Қынық халқы
3. Әйтiмбет батыр Қаратай
4. ұлы опат болды
5. Шағбанда барыс жылында
6. Оғланлары.....

Жәрдем атамыздың айтқан аңыз әңгімесі болған оқиға екен деген. Қорымның Әйтiмбет аталуы, сол қорымнан батырдың құлпытасы табылғаны, сол құлпытаста Әйтiмбет батыр Қаратайұлы жазылғандығы, артында үлкен аңызы қалғаны, бұл деректің бәрі Көнеккеткен ауылында осындай

батырдың өмір сүргенінің дәлелі емес пе? Аты аңызға айналған ауылымыздан шыққан тұлғаны әрі қарайда тоқталмай терең зерттелсе, әлі де тың деректер табылатына сенімдіміз.

Өтеген би Ерубайұлы. XVIII ғөкілі (1749ж – 1834ж) 85 жас. Өтеген Ерубайұлы, Жантөре хан мен Үкі би заманында би, старшын болғаны тарихта мәлім. Оған дәлел «Өз өлкеңді өзгеден бұрын таны» кітабындағы Жантас Сафиуллиннің «Үкі би және оның заманы» зерттеуінде Үкі биді хандыққа сайлауға Яссинге хат жолдаған би, старшындардың ішінде мөр басқан билердің ішінде, Өтеген Ерубайұлы да бар. Тарих парағында бар тұлғаның, біздің ауылымыздан табылғаны кейінгі ұрпақ үшін мақтаныш. Жантөре хан құлпытасы біздің елді-мекеннен солтүстік бағытта 12 шақырым жердегі Теректі ауданы Қызылжар ауылындағы «Хан зиратынан» табылғаны, біздің туған жерімізде, ат тұяғының іздерінің қалғанының айғағы емес пе? Ендеше тарих беттеріндегі ірі тұлғалардың біздің қасиетті топырағымыздан шыққандығы, ауылымыздың тарихы терең, шежірелі ауыл екенін айғақтайды деген ойға келдік.

Елші бай Қаратайұлы (1744 – 1834) , №52 құлпытас

Сапи Жомартұлы (1787 – 1858), №54 құлпытас

Елші Қаратайұлы өз заманында бай болған көрінеді. 1806 жылдың күзінде Бөкейдің иелігінде қазақтар Жантөре ханға қарасты қазақ руларынан біраз жылқы барымталаған. Осыған орай Жантөре хан Орал әскери кеңсесінен Мергеновск форпосты маңында көшіп қонған Байбақты руының Қынық бөлімінен Жантелі мен Бармақ



Қосымша 3.

Көнеккеткен ауылындағы Тайлан құдығын зерттеу барысы.

№4- құлпытас


Құлпытастың биіктігі= 2 м 30 см, алдыңғы жақ беті=33 см, оң жақ беті=23 см, сол жақ беті=23 см, арқы жақ беті= 33см. Жазу алдыңғы, оң жақ, сол жақ беттерінде. Құлпытастың күншығыс бетінде арқы жағында ою өрнек салынған. Ақтық байланған.

1. Байбақты руы, Қынық тайпасы,
2. Ерубай аймағы Сапы немересі
3. Келімберлі 24 жасында Сыртан-
4. берлі 18 жасында (Бір)Шотан ұлдары
5. 868-нші жылда бұл тасты қойды
6. Ағасы Тайлан мырза

Тігінен: Құран аяты жазылған «Қалу инна Аллаһу уа инна – Аллаһу раджиғун».

Жанғұттыұлын, Жантөре Есенаманұлын, Сапи Жомартұлын, Елші Қаратайұлын, Батақ бөлімінен Маяқұл мен Мәкен Жантайұлдарын, Жарбол Жарлықамысұлын, Қарқамыс, Төлеп, Шоланды бауырларымен бірге тұтқындауды және қуып алынған жылқыларды кері қайтарғанша оларды ұстап тұруды сұрады. Оның бұл ісін дұрысқа санаған Орал казак-орыстарының әскери кеңсесі 1807 жылы 27 ақпанда хан талабын тез арада орындауды ұсынды. [18,4 п].

Тасшеген құдығы. Көнекеткеннен солтүстік шығыс бағытта 12 шақырым жерде орналасқан. Тасшеген күтірінен 200 м жерде оңтүстік батысқа қарай орналасқан. Тасшеген құдығының ерте-ректе «Тайлан құдығы» аталуы туралы аңыз қалған. Тайлан мырза ауылы суға тапшы болған екен ел болып құдық қазса да су шықпаған деседі. Содан Тайлан мырза Аллаға мінәжат етіп «Жалғыз ұлымды алсаңда су бере гөр деген



Қосымша 2.
Көнекеткен ауылындағы Тайлан құдығы.



аңыз бар», халқымен бірігіп қазған құдығынан су шығыпты. Алла тілеуін естіген бе, Тайланның жалғыз ұлы дүние салған. Сол қазылған құдықтың ішін Шалқар тауының тасымен қалаған екен. Құдықтың суы көбейе бергеннен көзін үлкен таспен жапқан. Құдық ішінің кеңдігі түйе айналып жүргендей дейді аңызды айтушы Әбілтай және Жәрдем атамыз. Ал кейбір аңыздарда құдық құмыра тәріздес келген деседі. Ішіне Тайлан мырза баласы мінген асау тайды түсіріп, тапатқан екен. Барып зерттеу жүргізгенде 4 метр тереңдіктен су шығып тұрғанын, сол қасында тұратын Әліби ағамыз бұл құдықтың суы қысы-жазы тартылмайтынын және күннің ең ыстық кезінде де сап-салқын күйінде тұратынын айтады. Салқындай суын ішкенде мейірің қанады дейді.

Осы аталған Тайлан құдығы, Науша Қаржауұлының жерленген жері Тайлан қорымы, Әйтiмбет қорымындағы ағайынды екі жігіт жерленген №5, №36 құлпытасқа белгі қойған Тайлан мырза делінген. Деректер бойынша Тайлан мырза тарихта өзіндік орны бар тұлға ретінде айтуға болады.

Өлке тарихынан ойып орын алуға лайықты тұлғалардың бар екенін осындай аңыз – әңгімелер айшықтай түседі, біздің де ел ішінде болғандығы, біз секілді ұрпаққа мақтаныш, мәртебе.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Құттымұратұлы К., Сафуллин Ж. Құлпытас сырын ашайық. – Орал, 2014.
2. Сафуллин Ж. БҚО аумағындағы көне ескерткіштер – XVIII-XX ғасырдағы араб жазулы құлпытастарды қорғау, кешенді зерттеу мәселесі.
3. Арнайы тарихи фото альбом. Ақжайық ауданы, Көнекеткен ауылы, О.Исаев атындағы жалпы орта білім беретін мектебінің тарихи музейі қорынан.



Биоразнообразие лерхополынных сообщество Акжайкского района Западно-Казахстанской области



КЫДЫРАЛИНА
Ержанат Алмазовна
ПДО ГЦДЮТиЭ «Атамекен»,
г.Уральск, ЗКО

Аннотация

Нами выделено три лерхополынных сообществ, в котором отмечено 46 видов, 12 семейств, 39 родов. Дан всесторонний анализ с 5 параметрами. Исследовательская статья ориентирована на экологов, педагогов дополнительного образования.

Аңдатпа

Біз 46 түрлі, 12 тұқымдасты, 39 туысты атап өткен үш ақжусанды қауымдастықты анықтап, 5 параметрі бар жан-жақты талдау берілді. Зерттеу мақаласы экологтарға, қосымша білім беру педагогтарына бағытталған.

Ключевые слова: анализ, флористический состав, лерхополынные, сообщества

В пределах Западно-Казахстанской области опустыненные полынно-типчаково-ковыльные степи занимают большую площадь на правобережье Урала от средней части рек Большой и Малый Узень до Рын-песков.

Южная граница этих степей протягивается от р.Урал через Базартюбе к рекам Сагиз и Эмба. Здесь распространены каштановые и светло-каштановые, почвы в комплексе с солонцами, занимающими иногда 50% опустыненных степей.

Отличительной чертой растительности и почвенного покрова опустыненных степей является комплексность. Она обусловлена большим дефицитом влаги и огромным испарением (Бобровская, 1985, 1991, 1998), при котором растительность и почвы чутко реагируют на малейшие изменения водного режима поверхностных горизонтов. Нигде так сильно не выражена комплексность, как в Западно-Казахстанской области. Формированию ее помимо засушливости способствуют молодость территории, сильная засоленность почвообразующих пород и выравнивание рельефа (Лавренко, 1965; Сафронова, 1975, 1980;).

Для опустыненных степей характерны двучленные, трехчленные и четырехчленные сообщества, получившие название пятнистых или «чубарых» степей. Преобладающими компонентами таких степей являются злаки (*Stipa capillata* L., *S. sareptana* A.Beck., *Festuca valesiaca* Gaud.) и полукустарнички (*Camphorosma monspeliaca*). Среди опустыненных степей лерхополынные сообщества занимают 50-60% от всей исследуемой территории. Доминантами являются: *Artemisia lerchiana* Web., *A. pauciflora* Web., *A. austriaca* Jacq [2, с.41].

Объектом исследования являлась Западно-Казахстанская область, Акжайкский район пос.Бударино (рис 1.), расположенный на Прикаспийской низменности высота 29 м, правом берегу р.Урал.

Нами исследованы следующие сообщества: Ковыльно-лерхополынная (*St. lessingiana* Trin. Et Rupr., *A. lerchiana* Web); Мятликово-лерхополынная (*Poa bulbosa* L., *A. lerchiana* Web); Острцово-лерхополынная (*Leymus ramosus* Tzvel).

Полынь Лерха (*Artemisia lerchiana* Web.) объединяет более 400 видов, распространенных в



Рисунок 1. Карта схема расположения пос.Бударино

основном на территории Северного полушария, из которых около 147 видов произрастают на территории СНГ. В Казахстане встречается 81 вид, а на территории Западно-Казахстанской области-25 видов полыни (Иванов 1966). Виды полыни чаще всего произрастают в степной зоне, реже в полупустынях и настоящих пустынях [3, с.71].

Лерхополынные занимают значительные площади опустыненных степей, сосредотачиваясь в

местах усиленного выпаса скота: около поселков, зимовок скота, вдоль рек на солонцеватых каштановых и светло-каштановых суглинках.

В результате наших флористических исследований было выявлено принадлежавших к 46 видам, 12 семействам, 39 родам. Нами проведен всесторонний анализ флористического состава включающий 5 параметров (табл.1).

Таблица 1. Флористический состав лерхополынных сообществ пос. Бударино

№	Название растений	Жизненная форма	Фитоцено- тические группы	Географические элементы	Экологические группы	Хозяйственные группы
1	<i>Achillea nobilis</i> L.	Многолетник	Степной	Понтический	Мезофит	Кормовое
2	<i>Asclepias tuberosa</i> L.	Многолетник	Лугово-степной	Древнесредиземноморский	Ксерофит	Ядовитое
3	<i>Agropyron desertorum</i> (Fisch. Ex Link) Schult.	Многолетник	Горностепной	Древнесредиземноморский	Ксерофит	Кормовой
4	<i>Agropyron pectinatum</i> (Bieb.) Beauv.	Многолетник	Степной	Евразийский	Ксерофит	Кормовое
5	<i>Alyssum desertorum</i> Stapf	Однолетник	Степной	Древнесредиземноморский	Мезофит	Кормовое
6	<i>Androsace maxima</i> L.	Однолетник	Степной	Арало-каспийский	Мезофит	Декоративное
7	<i>Artemisia absinthium</i> L.	Многолетник	Лугово-степной	Голарктический	Ксерофит	Лекарственное

8	<i>Artemisia austriaca</i> Jacq.	Полукустарничек	Степной	Средиземноморский	Ксерофит	Лекарственное
9	<i>Artemisia lerchiana</i> Web.	Полукустарничек	Степной	Прикаспийский	Ксеромезофит	Кормовое
10	<i>Artemisia pauciflora</i> Web.	Полукустарничек	Пустынно-степной	Нижневолжско-прикаспийский	Ксерофит	Кормовое
11	<i>Astragalus testiculatus</i> Pall.	Полукустарничек	Степной	Древнесредиземноморский	Ксерофит	Кормовое
12	<i>Berteroaincana</i> L. DC.	Двулетник	Степной	Евросибирский	Ксеромезофит	Лекарственное
13	<i>Bromus tectorum</i> L.	Однолетник	Степной	Евразийский	Ксерофит	Кормовое
14	<i>Camphorosma monspeliaca</i> L.	Полукустарничек	Горно-степной	Древнесредиземноморский	Ксерофит	Кормовое
15	<i>Carduus uncinatus</i> Bieb.	Двулетник	Степной	Понтический	Ксеромезофит	Медонос
16	<i>Carex praecox</i> Schreb.	Многолетник	Степной	Евразийский	Ксеромезофит	Кормовое
17	<i>Carex uralensis</i> Wild. ex Wahlenb.	Многолетник	Степной	Евразийский	Ксеромезофит	Кормовое
18	<i>Ceratocarpus arenarius</i> L.	Однолетник	Степной	Древнесредиземноморский	Ксерофит	Кормовое
19	<i>Chenopodium rubrum</i> L.	Однолетник	Сорное	Евросибирский	Ксеромезофит	Кормовое
20	<i>Chenopodium tataricum</i> L.	Однолетник	Лугово-пустынный	Древнесредиземноморский	Мезофит	Кормовое
21	<i>Chorispora tenella</i> (Pall.) DC.	Однолетник	Луговой	Древнесредиземноморский	Мезофит	Лекарственное
22	<i>Descurainia sophia</i> (L.) Webb ex Prantl	Однолетник	Лугово-степной	Евразийский	Мезофит	Кормовое
23	<i>Dodartia orientalis</i> L.	Многолетник	Степной	Центральноазиатско-понтический	Ксерофит	Лекарственное
24	<i>Eremopyrum orientale</i> (L.) Jaub. Et Spach	Однолетник	Степной	Древнесредиземноморский	Ксеромезофит	Кормовое
25	<i>Festuca valesiaca</i> Gaud.	Многолетник	Степной	Древнесредиземноморский	Ксеромезофит	Кормовое
26	<i>Gagea pusilla</i> (F.W. Schmidt) Schult. et Schult. fil.	Многолетник	Лугово-степной	Древнесредиземноморский	Мезофит	Декоративное
27	<i>Jurinea arachnoidea</i> Bunge	Многолетник	Степной	Средиземноморский	Ксеромезофит	Кормовое
28	<i>Kochia prostrata</i> (L.) Schrad.	Полукустарник	Пустынно-степной	Древнесредиземноморский	Ксерофит	Кормовое
29	<i>Koeleriagraxis</i> Pers.	Многолетник	Степной	Голарктический	Ксеромезофит	Кормовое
30	<i>Lepidium perfoliatum</i> L.	Однолетник	Степной	Древнесредиземноморский	Мезофит	Лекарственное
31	<i>Leymus ramosus</i> (Trin.) Tzvel.	Многолетник	Степной	Древнесредиземноморский	Галофит	Кормовые
32	<i>Medicago falcata</i> L.	Многолетник	Лесостепной	Древнесредиземноморский	Мезофит	Кормовое
33	<i>Melilotus albus</i> Medik.	Двулетник	Лесостепной	Евразийский	Ксеромезофит	Кормовое

34	<i>Onopordum acanthium</i> L.	Двулетник	Степной	Голарктический	Ксеромезофит	Декоративное
35	<i>Phleum phleoides</i> (L.) Karst.	Многолетник	Лесостепной	Евразийский	Ксерофит	Кормовое
36	<i>Phlomis pungens</i> Willd.	Многолетник	Степной	Понтический	Ксерофит	Декоративное
37	<i>Poa bulbosa</i> L.	Многолетник	Степной	Древнесредиземноморский	Ксеромезофит	Кормовое
38	<i>Polygonum aviculare</i> L.	Однолетник	Сорное	Голарктический	Мезофит	Лекарственное
39	<i>Potentilla bifurca</i> L.	Многолетник	Степной	Сибирский	Ксеромезофит	Лекарственное
40	<i>Rumex confertus</i> Willd.	Многолетник	Луговой	Евросибирский	Мезофит	Кормовое
41	<i>Stipa capillata</i> L.	Многолетник	Степной	Древнесредиземноморский	Ксерофит	Кормовые
42	<i>Stipa lessingiana</i> Trin. Et Rupr.	Многолетник	Степной	Древнесредиземноморский	Ксерофит	Кормовое
43	<i>Tanacetum achilleifolium</i> (Bieb.) Sch. Bip.	Многолетник	Степной	Понтический заволжско-казахстанский	Ксерофит	Лекарственные
44	<i>Tulipa biebersteiniana</i> Schult. et Schult. fil.	Многолетник	Степной	Понтический	Мезофит	Декоративное
45	<i>Tulipa Schrenkii</i> Regel	Многолетник	Степной	Понтический	Ксеромезофит	Декоративное
46	<i>Verbascum phoeniceum</i> L.	Двулетник	Степной	Понтический	Ксеромезофит	Декоративное

Нами проведен анализ жизненных форм раскрывающий присутствие 4 типов биоморф в исследуемом регионе. Господствующими видами являются 24 (52%) многолетних вида, доля однолетних низкая и составляет 11 (24%) видов, полукустарничковые виды 6 (13%) а двулетники составляет 5 (11%) видов.

Проведенный фитоценотический анализ показал наличие 5 типов растений, преобладающим являются степные 38 (83%). Доля остальных типов незначительная: лесостепные 3 (7%), луговые 2 (4%), лугово-пустынные 1 (2%), сорные 2 (4%); виды.

В ходе исследования географических элементов было выявлено 7 типов растений. Более распространенными типами являются древнесредиземноморский 20 (44%), а евразийских 12 (26%) и европейских 6 (13%). Менее распространенные типы голоарктический 4 (9%), средиземноморский 2 (4%) и туранский 2 (4%). Хотелось бы отметить, что в Туранской тип ареале включены региональные арало-каспийские и локальные нижневолжско-прикаспийские (*Artemisia*

rauciflora Web.) и прикаспийский слив (*A. lerschiana* Web.) виды, свидетельствует что это эндемичный своеобразный комплекс сложенный локальными полынями.

Экологический анализ свидетельствует о присутствии 4 экологические групп: ксерофиты 17 (37%), ксеромезофиты 16 (35%), мезофиты 12 (26%) и галофиты 1 (2%).

Анализ хозяйственных групп в исследуемом регионе выявил 5 типов растений: кормовых 28 (61%), лекарственных 9 (20%), декоративных 7 (15%), медоносных 1 (2%) и ядовитых 1 (2%).

Литература:

1. Дарбаева Т.Е. Конспект флоры меловых возвышенности Северо-Западного Казахстана. – Уральск, 2002. – 132 с.

2. Природно-ресурсный потенциал и проектируемые объекты заповедного фонда ЗКО. Уральск: ЗКГУ, 1998.-175с.

3. Иванов В.В. - Сложноцветные Северного Прикаспия. В кн.: Материалы по флоре и растительности Северного Прикаспия. Л., 1966, вып.2, ч.3, с.40-41, 71, 103.



Дополнительное образование как средство экологического воспитания школьников



УРАЗГАЛИЕВА Г.С.
ПДО КГУ «Станция юных туристов»
г. Аксай, Бурлинский район, ЗКО

Аннотация

В статье рассказывается о роли дополнительного образования в экологическом воспитании детей, которые способствуют формированию экологической культуры школьников посредством различных видов деятельности в данном направлении. Важно развивать экологическое образование через систему дополнительного образования школьников.

Аңдатпа.

Мақалада осы бағыттағы әртүрлі іс-шаралар арқылы мектеп оқушыларының экологиялық мәдениетін қалыптастыруға ықпал ететін балаларды экологиялық тәрбиелеудегі қосымша білім берудің рөлі туралы айтылады.

Оқушыларға қосымша білім беру жүйесі арқылы экологиялық білім беруді дамыту маңызды.

Ключевые слова: дополнительное образование, экологическое образование, экологическое воспитание, виды деятельности, активная познавательная деятельность, современные педагогические методы.

Дополнительное образование детей – составная (вариативная) часть общего образования, сущностно - мотивированное образование, позволяющее обучающемуся приобрести устойчивую потребность в познании и творчестве, максимально реализовать себя, самоопределиваться профессионально и личностно.

Дополнительное экологическое образование, как самостоятельный и самоценный вид образования, несет содержание, которое осваивается школьниками за пределами общеобразовательного государственного стандарта.

Процесс образования и воспитания любого человека начинается в семье, ребенок получает первоначальные сведения об окружающем мире и об отношении к нему взрослых и самого мира. Продолжается в детском саду, потом в школе, вузе и, наконец, при повышении квалификации профессиональных знаний, необходимых специалисту.



Итак, дополнительное образование пронизывает все ступени и способствует установлению взаимосвязи между всеми компонентами экологического образования, выполняя функцию непрерывности.

В основе конфликта человеческого сообщества с окружающей средой – неадекватная, некорректная модель поведения как результат невежественной современной сложной экологической ситуации (повсеместное промышленное, сельскохозяйственное и транспортное загрязнение окружающей среды, разного рода техногенные аварии) особо остро стоит необходимость экологического образования, просвещения и развития у населения экологической культуры.

В настоящее время стала очевидной необходимость экологизации общественного сознания, образования, мышления всего населения страны.

В этом плане приоритет принадлежит педагогике, которая может изменить сознание людей,

Поскольку в школьных программах дисциплина «Экология», не изучается как самостоятельный предмет, а идет в интеграции с другими науками, то центр тяжести экологического образования был перенесен на систему дополнительного образования: станции юных туристов, эколого-биологические центры, различные клубы друзей природы и т.п.

Эти учреждения организуют экологические конкурсы, выставки детского и юношеского творчества в области охраны окружающей среды, олимпиады и т.п.

- Формирование экологической культуры, развитие экологического образования и воспитания

- одна из задач государственной политики в области экологического развития

Задачи - Способствовать формированию экологической компетенции у подрастающего поколения, сформировать эколого-биологические знания, умения и навыки.

Один из путей повышения эффективности экологического развития состоит в использовании разнообразных методов и приемов работы.

Основные формы экологического воспитания:

1. Непосредственно образовательная деятельность

Занятия являются ведущей формой организации работы по ознакомлению детей с природой. Они позволяют педагогу формировать знания о природе в системе и последовательности с учетом возрастных особенностей детей и природного окружения. Главным компонентом таких занятий становятся различные демонстрационные и учебные пособия, т.е. наглядность, позволяющая формировать у детей отчетливые и правильные представления.

Обобщающий тип занятий позволяет сформировать обобщенные представления об объектах и явлениях природы, выделить ряд значимых признаков для группы знакомых объектов, сравнивать, сопоставлять, анализировать, делать выводы, развивают абстрактное мышление.

Углубленно-познавательный тип занятия. Это занятия, которые строятся на разнообразных конкретных знаниях, полученных детьми во время наблюдений в повседневной жизни за объектами природы из непосредственного окружения, и на которых воспитатель дополняет знания новыми



сведениями, углубляет их.

2. Экскурсии

Экскурсии - один из основных видов занятий и особая форма организации работы по ознакомлению детей с природой. Преимущество экскурсий в том, что они позволяют в естественной обстановке познакомить детей с объектами и явлениями природы.

3. Организация выставок и конкурсов творческих работ

4. Участие в детских экологических конкурсах, олимпиадах

Методы экологического воспитания

В педагогическом процессе используются различные методы обучения: наглядные, практические, словесные. При ознакомлении детей с природой широко используются все указанные методы.

К наглядным методам относятся наблюдение, рассматривание картин, демонстрация моделей, видеофильмов, презентаций.

Практические методы - это игра, элементарные опыты и моделирование.

Моделирование

Часто на основе чувственного познания требуется «построить» в сознании абстрактное, обобщенное представление об объекте или целом явлении природы, составить схему изучаемого явления.

Несложные опыты и экспериментирование.

Словесные методы – это рассказы, беседы.)

Беседа как метод ознакомления детей с природой

В зависимости от дидактических целей беседы

о природе принято делить на следующие виды: установочные, эвристические и итоговые.

Итоговая беседа используется для обобщения и систематизации знаний детей о природе, полученных в процессе наблюдений.д.

Проектный метод

Метод проектов даёт возможность детям накапливать опыт самостоятельно. Обучение приобретает форму исследования, применения уже имеющихся знаний в деятельности, результаты которой по-настоящему интересуют учащегося.

Проектная деятельность помогает самостоятельно осваивать окружающую действительность. Участвуя в проектах, ребенок развивается, учится находить выход из трудной ситуации и становится увереннее в своих силах.

Задачи по развитию экологической культуры могут реализоваться с помощью таких форм и методов как:

- экологические марафоны, викторины, акции, особенно совместно с родителями
- составление экологических карт и планов экологических троп;
- экологические выставки и экспозиции; тренинги;
- создание экологических агитбригад и «зеленого патруля»; инсценировки и театрализации
- коллекционирование объектов природы;
- встречи с представителями профессий, связанных с защитой окружающей среды;
- участие вместе с родителями в проведении выставок, изготовление кормушек и скворечников с последующим их размещением на территории





школы или во дворах домов.

Немалое значение в воспитании детей имеет пример родителей. Если родители будут заниматься вопросами экологического воспитания, то и у детей будет воспитываться интерес, любовь к природе и бережное отношение к ней.

Таким образом, формирование начал экологической культуры – это становление осознанно-правильного отношения непосредственно к самой природе во всем ее многообразии, к людям, окружающим и создающим ее. А в заключение хочется сказать, что самое главное в экологическом воспитании – личная убежденность педагога, умение заинтересовать, пробудить у детей, и родителей желание любить, беречь и охранять природу.

Использованная литература:

1. Дежникова Н.С., Иванова Л.Ю., Клемяшова Е.М., Снитко И.В., Цветкова И.В. Воспитание экологической культуры у детей и подростков: Учебное пособие. - М.: Педагогическое общество России, 2009. - 64 с.
2. Дагбаева Н. Экологическое воспитание школьников с помощью Интернета // Воспитание школьников. - 2011. - № 1. - С.22-23
3. Данилова М. З. Занимательная экология // Воспитание школьников. - 2010. - № 5. - С.25-33.
4. Каропа Г.Н. Теоретические основы экологического образования школьников: учебник / Г.Н. Каропа. - Мн.: НМО, 2005. - 170 с.
5. Кучер Т.В. Экологическое воспитание учащихся. - М.: Просвещение, 1990. - 121 с.





МЕЛЬНИКОВ
Владимир Леонидович,
Профессор, к.б.н.,
преподаватель ЗКИТУ,
г. Уральск, ЗКО

Президентские тесты как инструмент оценки здоровья



***Аннотация:** в статье рассматривается вопрос о значимости Президентских тестов в оценке здоровья населения страны. Установлено, что выполнение их на соответствующий уровень готовности демонстрирует значение биологического возраста меньше паспортного.*

***Аңдатпа.** Мақалада халықтың денсаулығын бағалаудағы Президенттік сынақтардың маңыздылығы туралы мәселе қарастырылады. Оларды тиісті дайындық деңгейіне дейін орындау биологиялық жастың төлқұжатқа жасқа қарағанда маңыздылығын көрсететіні анықталды.*

***Ключевые слова:** Президентские тесты, здоровье, биологический возраст, функциональные системы.*

В Послании Президента Республики Казахстан народу Казахстана от 17 января 2014 года поставлена задача к 2050 году, войти в число тридцати самых развитых стран мира. Подобный рейтинг осуществляется на основе индекса человеческого развития (ИЧР). Он основан на сравнении трех показателей: уровня жизни, грамотности и долголетия населения конкретной страны. На данном историческом этапе Республика Казахстан, как свидетельствует отчет, о развитии человечества, опубликованный Организацией Объединенных Наций на 2021 год Республика Казахстан занимала 56 позицию [1].

Несомненно, что повышение продолжительности жизни населения нашей страны должно являться приоритетом государственной политики. Важную роль в решении этой задачи играет физическая культура и спорт. Ей присущи многие функции, а именно: повышение качества жизни, объединение общества, отвлечение молодежи от пагубных

привычек, профилактика заболеваний, увеличение средней продолжительности жизни. Именно поэтому для повышения физической активности населения страны было принято Постановление Правительства Республики Казахстан от 31 декабря 2013 года № 1545 «Об утверждении Правил проведения президентских тестов физической подготовленности населения Республики Казахстан».

В перечень испытаний были включены различные виды: плавание, метание снаряда, силовая гимнастика, стрельба из пневматического оружия, прыжок в длину с места, бег на лыжах, наклон вперед, спринтерская и стайерская дистанции. Нормативы тестовых испытаний были разработаны для каждой из десяти возрастных групп, начиная от группы 9-10 лет и заканчивая группой 70 лет и старше. Характерной особенностью является тот факт, что совокупность этих испытаний обеспечивает оценку соответствующих функциональных систем организма (Рис.1). Так, в частности, кросс обеспечивает оценку




Рис.1 Взаимосвязь между видом теста и функциональной системой

состояния таких доминирующих систем как дыхательная, сердечно-сосудистая, система крови. Спринт выявляет степень функционального состояния нервно-мышечного аппарата, слуховой сенсорной системы. Стрельба позволяет оценить функциональное состояние вестибулярной сенсорной системы, а также нервно-мышечного аппарата.

Следует отметить, что оценка функциональных возможностей систем организма его резерва, по мнению Н.М. Амосова, является показателем здоровья человека [2]. Так, например, содержание холестерина в крови человека 25-летнего возраста (биологический возраст) составляет 4,6 миллимоль на литр, 45-летнего – 5,6 миллимоль на литр, а 65-летнего – 7,2 миллимоль на литр. Отношение показателя жизненной емкости легких

на 1 кг массы тела у 25-летних составляет 60 миллилитров на 1 кг, 45-летних – 50 миллилитров на 1 кг, 65-летних – 38 миллилитров на 1 кг веса тела. Концентрация глюкозы в крови 25-летних составляет 4,5 миллимоль на литр, 45-летних – 4,8 миллимоль на литр, 65-летних – 5,3 миллимоль на литр [4].

Таким образом, чем больший резерв функциональных систем организма, тем меньше биологический возраст человека. Например, паспортный возраст человека 60 лет. Показатели холестерина 4,6 миллимоль на литр, глюкозы - 4,8 миллимоль на литр, показатель жизненной емкости легких на 1 кг массы тела - 50 миллилитров на 1 кг. Следовательно, его биологический возраст 45 лет!!!

Проведенными исследованиями установлено, что Президентские тесты, вы-




Рис. 2 Результаты Президентских тестов в 2022 году

полненные на Президентский уровень, демонстрируют, что биологический возраст будет меньше паспортного на 20 лет. При выполнении их на Национальный уровень – на 10 лет, а на начальный уровень готовности – на 5 лет [4].

Результаты сдачи Президентских тестов в 2022 году показали, что лишь 13,65% казахстанцев из 3,8 миллиона человек, принявших в них участие, уложились в нормативы трех уровней готовности [5]. Этот факт свидетельствует о том, что такой показатель как количество граждан, занимающихся физической культурой и спортом (в 2022 году он достиг отметки 38,4%), не является показателем физической подготовленности населения.

Подобные результаты свидетельствуют, что предстоит серьезная работа по активизации населения занятием физической культурой и спортом для достижения физической подготовленности соответствующей нормативам Президентских тестов.

Литература

1. Список стран по индексу человеческого развития [Электронный ресурс] // Режим доступа https://ru.wikipedia.org/wiki/Список_стран_по_индексу_человеческого_развития (Дата обращения 23.09.2023)
2. Амосов Н.М. - Раздумья о здоровье.— 3-е изд., – М.: Физкультура и спорт, 1987)
3. Таблица биологического возраста [Электронный ресурс] // Режим доступа <http://osglavnom.ru/novosti/tablica-biologicheskogo-vozrasta.html> (Дата обращения 15.09.2023)
4. Мельников В.Л., Грибан В.Г. Физическая подготовленность как важный фактор увеличения продолжительности жизни. // Физиология. 2018. №2. С 49-52.
5. Об утверждении Концепции развития физической культуры и спорта Республики Казахстан на 2023-2029 годы [Электронный ресурс] // Режим доступа <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2300000251> (Дата 23.09.2023).



Туристік жорықтың маңыздылығы



КЕНЖЕҒАЛИЕВА
Гүлшат Мұхамбетқалиевна
ЖТС-ның ҚББП-і
Жаңақала ауд., БҚО

Аңдатпа

Қазіргі кезде жер шарының түрлі аймақтарында экологиялық дағдарыс шиеленіскен заманда экологиялық білім мен тәрбие беруге басты назар аударылуда. Осыған байланысты ең маңызды орын туризм мен өлкетануға беріліп отыр. Туризм жастарды жағымсыз қылықтарға қарсы тұруға, мықты денсаулық негізін қалыптастыруға, пайдалы, қызық істерге, салауатты өмір салтына тәрбиелейді.

Аннотация

В настоящее время основное внимание уделяется экологическому образованию и воспитанию в эпоху обострения экологического кризиса в различных регионах земного шара. В этой связи важнейшее место отводится туризму и краеведению. Туризм воспитывает молодежь к сопротивлению негативному поведению, формированию крепкой основы здоровья, полезным, интересным занятиям, здоровому образу жизни.

Кілт сөздері: Туризм, жорықтар, жауапкершілік, саяхаттау.

Қазіргі кезде жер шарының түрлі аймақтарында экологиялық дағдарыс шиеленіскен заманда экологиялық білім мен тәрбие беруге басты назар аударылуда. Осыған байланысты ең маңызды орын туризм мен өлкетануға беріліп отыр. Туризм жастарды жағымсыз қылықтарға қарсы тұруға, мықты денсаулық негізін қалыптастыруға, пайдалы, қызық істерге, салауатты өмір салтына тәрбиелейді.

«Туризм» түсінігіне жай ғана бір сөзбен жауап беру мүмкін емес. Біреулердің түсінігінше, туризм қолдарына қол шатыр алып, түнгі алау басында ән айтып, адам аяғы баспаған жерлермен жүрілген километрлер болса, ал енді біреулер үшін тарихи жерлерде саяхаттану, олардың болмысы мен тарихын зерттеу, үшінші біреулер үшін шет елдерге саяхаттанумен түсіндіріледі. Әрине, олардың әрқайсысы да дұрыс пікірде, өйткені, туризм са-

ласы сан-қилы, жан-жақты құбылыс.

«Туризм» француз тілінен аударғанда – серуендеу, жол жүру деген мағынаны білдіреді. Туристік жорықтар – туристер үшін қолайлы туризмнің жұмыс формаларының бірі. Туристік жорықтар дегеніміз – алдын ала дайындаған жаңа немесе белгілі маршрут бойынша, әр түрлі танымдық, сауықтыру, спорттық оқыту жаттығу үшін т.б мақсатпен жүріп өтуге бағытталған жұмыстар. Жорықты өткізудің негізгі мақсаты:

– Білімділік: туризм түрлеріне жалпы сипаттама беріп жорық түрлері туралы түсінік беру, әдіс-тәсілдерін үйрету.

– Дамытушылық: туристік дағдыларын қалыптастыру, туристік-спорттық дайындықтарын, икемділіктерін дамыту.

– Тәрбиелік: салауатты өмір салтына қажетті жағдайда өз бетімен жедел шешім қабылдауға, жауапкершілікке, төзімділікке тәрбиелеу.

Туристік жорықтар ұзақтығына қарай бір немесе екі күндік және көп күндік, қозғалыс түрі мен құралдарына байланысты жаяу, шаңғы, тау, ат, су, вело, автомото болып бөлінеді. Көп күндік жорықтар категориялық немесе категориялық емес болып ажыратылады.

Туристік жорықтар - демалыс күнгі, 1-3-ші дәрежелі жорық және 1 - 6 санаттағы санатты жорықтарға жіктеледі. Бірінші санат қарапайым, ол аз білімді, дағдыларды қажет етеді. Алтыншы санат — ең қиын, физикалық және теориялық тұрғыдан дайындықты қажет етеді, енді оны арнайы жабдықсыз жасай алмайсыз.

Жалпы жорықты ұйымдастырып, өткізуді 3 топқа бөліп қарастыруға болады: дайындық, өткізу, қорытынды кезеңі.

Туристік топты жасақтау, құрамын анықтау, қатысушылар тәжірибелі және бұрыннан қатысқан болуы, жетекші тәжірибесі көп болуы және дене дайындығы болуы керек. Жорық кезінде білім беру функциясы да жүзеге асырылады, сондықтан серуендеу кезінде мектеп пен қосымша білім беру бағдарламасынан алынған білімді пайдаланып қана қоймай, оны толықтыруға пайдасы зор. Балалар жорық кезінде жергілікті халықтың әдет-ғұрпы, мәдениетімен танысады, туған жерін зерттейді. Жаяу серуендеу тек төзімділікті дамытып қана қоймайды және денсаулыққа жағымды әсер етеді, сонымен қатар жасөспірімдерде белгілі бір пайдалы дағдыларды қалыптастыруға және жетілдіруге ықпал етеді, мысалы: картаны бағдарлау, шатырды тез және дұрыс қою, отын дайындау, от жағу және тамақ дайындау, сонымен

қатар спорттық бағдарлау негіздері мен өмір сүру дағдыларын үйренуге мүмкіндік береді.

Жорық кезінде міндеттерді бөліп беріп, оның орындалуын қадағалау өте маңызды. Топ ішіндегі міндеттерге тоқтала кетсек: жетекші – жорықта ол басшы. Оның айтқанын екі етпей орындау тиіс, орынбасары - ол жорыққа қажетті құжаттардың барлығына жауап береді, меңгеруші - тамақпен жабдықтарға жауап береді, қазынашы - жорық алдында ақша жинайды және өзі сақтайды, барлық қаржы есебін жасайды. Санинструктор - дәрі қорапшасына жауап береді, керек болса алғашқы көмек береді. Күнделік жүргізуші-барлық жолда болған күнделікті оқиғаларды дәптер бетіне түсіріп отырады. Жөндеуші – құрал-сайман мен материалдарға жауап береді.

Қажетті құрал-жабдықтарға тоқталып өтсек: жеке және топтық болып бөлінеді. Жеке жабдықтар - ең алдымен рюкзак, ішіне өзіне қажетті гигиеналық заттар, ұйқы қабы, қалың киімдер т.б. Топтық жабдықтарға-палатка, ас дайындауға арналған құралдар, компас т.б жатады. Міне, осындай топ жасақталғаннан кейін ғана жорыққа аттануға болады.

Жорықтағы бір күннің есебінен үзінді...

«...Таңертең сағат 07.00-де ұйқыдан тұрдық. Кешегі шаршағандықтан ба, әлде түн жылы болды ма ұйқымыз қанық, көңіл-күйіміз керемет! От жағып, жуынып, тамақтанып алдық. Бүгінгі жүріп өтетін жол ұзақтығы барлық жорық күніне қарағанда аздау. Жорықшылар сапарға дайындық үстінде, кешегі топтық жұмыс бүгін де жалғасын тапты. Отымызды сөндіріп, айналамыздағы



қоқыстарымызды жинап, жолға шықтық. Ауа-райы өте тамаша, көңіл күйімізде сол ауа-райы іспеттес. Біріміздің артымыздан біріміз қаз-қатар тізіліп жолға шықтық. Жолымыздан да еш кедергі кездеспеді. Тегіс, жазық даламен жүріп келеміз. Тіпті кейбіреуіміздің әншілігіміз ұстап, ән айтып қоямыз. Сонымен жолымыз қысқарғандай ма, түс ауа тамақтанатын жерге келіп, отын жинап, тамақ пісіріп, тамақтанып алып, жарты сағаттай демалып алу әдетімізге айналған. Демалып алып, отырған орнымызды жинақтап, әрі қарай кеттік. Баратын аулымыз да алыс емес, сағым болып көрініп тұр. Соның өзі бізге күш – қуат бергендей... десек, сол сағымның өзіне жету де... Өлкетанулық және экологиялық тапсырмаларды орындау да маңызды. Сол ауылдағы көпті көрген қариялармен кездесіп, ауыл тарихын сұраймыз...

Сағым қуып келемін,

Сағындырып келемін, - деп жеттік-ау! Ауылдың шетіне келіп, шатыр құрып, от жағып, қыздар жағы тамақ қамына кірісіп кетті. Тамағымыз пісіп, қазанымыз оттан түсіп, ішімізге бірнәрсе барғаннан кейін көңіл күй жайлана бастады. Ауылдағы мектеп музейіне жасалған экскурсия да ауыл тарихын тез білуге негіз болды...

Таңертең соңғы жорық күніміз. Алау жағып ортаға жиналып, осы жорықта жол бойы кездескен қызықты сәттер, есте қалатын естеліктер, түскен суреттер, бәрін-бәрін саралап ортаға салдық. Сағат 23:00-де ұйқыға кеттік...»

Қорыта айтқанда:

– Туристік жорық - бұл әдемілікті сезінуге, тазалыққа және табиғатқа деген сүйіспеншілікке тәрбиелейді.

– Туристік жорық - бұл жеке адами қасиеттердің қалыптасуы.

– Туристік жорық - ұмытылмастай көңіл-күй қалдырады.

Туристік жорық - бұл табиғат сыйлаған көріністі бастапқы күйінде көру мүмкіншілігі. Қазіргі таңда адам баласы үшін ол көрген, болған жерлер еш қызық тудырмайды, ал жаяу жорықтың көмегімен бұл мәселені оңай шешуге болады. Дәл осы жаяу туризм адамдарға бірталай уақыт бойы таза, таулы ауасымен демалып, ішкі жан-дүниемен демалуды қамтамасыз етеді.

Жаңақала жас туристер станциясында жаяу жорық үнемі оздырылып отырады. «Жаңақала ауд. - Казталов ауд. - Жалпақтал а.», «Жаңақала ауд. - Ақжайық ауд.» жаяу жорықтары, «Жаңақала ауд. – Пятимар а.» шаңғы жорықтарын атап өтуге болады.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Остапец-Свешников А.А. «Турист – ізкесушілер жорықта»
2. Ли К.А., Фомин В.П. «Туристские тропы Приуралья»
3. Ли К.А., Фомин В.П. «Путеводитель Приуралья»
4. Жездібаев Т.Қ. «Жас туристерге кеңес»





САХАНОВА
Карлыгаш Халесовна
Орал «Сервис» технологиялық
колледждің жоғарғы санатты
арнайы пәндер оқытушысы
Орал қ., БҚО

Табиғат ана - табиғатты аяла!



Мақсаты:

Оқушылардың қоршаған ортаға деген махаббат құндылықтары жайлы түсініктерін кеңейту. Шығармашылық қабілеттерін, жақсылық жасай білу іскерліктерін, ойлау қабілетін дамыту, өз ойын еркін жеткізе білуге дағдыландыру. Табиғатты қорғауға, елін, жерін сүйуге, мейірімділікке, ізгілікке тәрбиелеу, экологиялық тәрбие беру, Табиғат-Анаға сүйіспеншілік пен қарауға жетелеу.

Көрнекі құралдар: интерактивті тақтаға әзірленген слайдтар, табиғат туралы нақыл сөздер, «Өзін-өзі тану» бағдарламасы бойынша дайындалған бейнефильм.

1. Ұйымдастыру кезеңі:

Мұғалім өлең оқу:

Сұлу дала! Менің сүйген еркемсің,
Жаны жайсаң жаратылған өлкемсің.
Қандай жақсы қазақ болып туғаным,
О, туған жер, тамашасың, көркемсің!
Кең дала көремісің сонау жатқан,
Жібектей жасыл шөппен бетін жапқан.
Асқар тау, айдын шалқар көл мен өзен,
Әне сол анам еді мені тапқан.
Ойласаң табиғат пен адам егіз,
Жылдың сол мезгілінен өзге неміз?
Табиғатсыз қоғам жоқ, болған емес,
Ал қоғамсыз, табиғаттың өзі де өлі.
Табиғаттың бауырысың, досысың
Аянбау да керек шығар дос үшін.
Екеуіңнің араңдағы байланыс,
Өмірбақи үзілмесін, қосылсын.

2. Тәрбие сағатының тақырыбын айтып, мақсатын хабарлау:

Қайырлы күн, құрметті ұстаздар, студенттер! Бүгінгі біздің өткізетін «Табиғат ана - табиғатты аяла!» атты іс-шарамызға қош келіпсіздер. Біз бүгін, сендермен бірге қоршаған ортаға деген махаббат құндылықтары жайлы түсінігімізді кеңейтеміз, табиғатты сүюді, қорғауды, табиғат-Анаға сүйіспеншілікпен қарауды үйренеміз. Біз бүгін, табиғатпен сырласамыз, оны түсінуге тырысамыз. Біз бүгін, Табиғат-Анадан мейірімділікті үйренеміз!

Табиғат адамзаттың, жалпы тіршілік атаулының ежелден өмір сүріп келе жатқан ортасы, алтын бесігі. Табиғат - сұлулықтың таусылмас көзі. Ендеше біз бүгінгі сабағымызды табиғатпен амандасудан бастаймыз. Барлығымыз орнымыздан тұрып мына өлең жолдарын бірге айтайық!

Хормен

Қайырлы күн, күнім, далам, орманым,
Қайырлы күн, гүлім, құсым, көлдерім.
Қайырлы күн, өсімдіктер, жәндіктер
Қайырлы күн, бар тіршілік иесі!

Өте жақсы! Барлығымыз орындарымызға отырамыз. Студенттер, жалпы табиғат дегеніміз не? Оларға нелер жатады?

Студенттер : Ауа, су, өсімдіктер, хайуанаттар, құстар, балықтар...

II слайд

3. Ендеше, саяхатымыздың бірінші аялдамасы «Тіршілік атаулының бар арманы – ауа» деп аталады. Сөз кезегі студенттерге беріледі.

Думан: Табиғат байлықтарының ішіндегі

тіршілік атаулының өмір өзегі-ауа.

Тіршілікте не дейсің ғой ең қымбат,
Тіршілікте адам қымбат, сен қымбат.
Ал адамға ауа қымбат бәрінен,
Ауа қымбат, алатұғын дем қымбат.

Расында да ауадан қымбат еш нәрсе жоқ. Адам бар-жоғы бір-екі минут ғана дем алмай тұра алады. Сондықтан дана халқымызда «Ауадай қажет» деген сөз бар. Бірақ сол ауамыз қаншалықты таза екеніне ешкім толық жауап бере алмайды. Мысалы: Семей қаласын алып қарасақ, қаланың үстінен қою бұлт сияқты тұманды көреміз. Автокөліктен, завод, фабрикадан шыққан түтіндер ауамыздың мөлдірлігін бұзады. Сонау 1949 жылдардан бастап Семей даласында ядролық қару жарылып, сол газдар ауаны улады. Сол ауамен дем алған қаншама адам ауруға ұшырады. Сонда адам баласы біріншіден, Табиғат-Ананы ренжітсе, екіншіден өзіне –өзі қастандық жасайды. Дүниеге келген сәби мүгедек болып жарық дүниені өксікпен өткізеді. Мен сөзімнің соңында адамдарға былай демекпін: Ей, адамдар, Табиғат – ана саған дем ал деп ауаны сыйлады, өйткені ол өте мейірімді. Сен оның сенімін ақта, ауаны ластама!

Болмасын ауа ешкімнің арман-мұңы,
Ауадан асқан жан жоқ жалғанда ұлы.
Ойлашы кімге керек боламыз біз,
Жұтудан таза ауаны қалған күні.

Мұғалім: Ия, студенттер ауасыз өмірді елестету мүмкін емес. Ауаны ластамау әр қайсымыздың борышымыз. Ал тіршілікті сусыз елестету мүмкін бе?

III слайд

4. Ендігі екінші аялдамамыз «Тіршілік көзі –су» деп аталады. Судың қаншалықты маңыздылығы бар екен?

Ділназ: Табиғаттың көркін ажарландырып, жер бетін саялы баққа айналдыратын байлық көзі – су. «Судың да сұрауы бар» дейді дана халқымыз. Қазақстан Республикасында мол сулы

өзен, көлдер мен теңіздер бар. Осы мол суды өлшеусіз, есепсіз пайдалану судың азаюына әкеп соғып отыр. Мысалы: Арал теңізіне Сырдария өзені мол су әкеп қоректендіріп отырды. Кейінгі уақытта осы өзен суын көп мөлшерде күріш, мақта өсіруге пайдаланды. Соның салдарынан Арал теңізінің суы азайып, ол тартылып қалды. Тартылған су астынан тұзы шығып, кеуіп, ұшып ауа құрамына кіруде. Арал аймағының жағдайы осындай болды. Ал Каспий теңізі мұнайдың қалдығымен ластанып, балықтар улануда. Міне бұл да адам қолымен жасалған қатыгездік. Көп жерлерде ауыз су жеткіліксіз.

Ойлау керек Арал жайын, ел жайын,
Пәк табиғат тозып жатыр жыл сайын.
Өзімізді асыраушы табиғаттай –Ананы
Азаматты қарың менен аялауға тұр дайын!

Мұғалім: Сонымен су – табиғаттың жаны, қара жердің сәні дедік. Ал табиғатты әдемілікке бөлеп тұрған не? Ол – өсімдіктер.

IV слайд

5. Келесі үшінші аялдамамыз «Табиғат байлығы – өсімдіктер» деп аталады. Табиғат байлығының бір тобы – жер бетіндегі әдемі өсімдіктер. Олар туралы не айтамыз?

Нұрсауле: Өсімдіктер, ағаштар табиғатымызды түрлендіріп тұрған түкті кілем сияқты. Халқымыз өсімдікті өмір өзегі деп алып, одан қамқорлығын еш аямаған. «Әкеңнен мал қалғанша тал қалсын» деген көрнекті сөз соның айғағы. Ысырапсыз пайдаланғандықтан өсімдіктердің кейбір түрлері азайып бара жатқандықтан олардың 300-ге жуығы Қызыл кітапқа енгізілді. Қызыл Кітапқа енген өсімдіктерді заңсыз жинаса олардың әрбір данасына 360 теңге көлемінде айып төлейді. (Бұл 2005 жылғы 12 қыркүйектегі №1186 Қазақстан Республикасының қаулысы). Елімізде сонымен қатар «Жасыл ел» бағдарламасы бойынша көптеген істер атқарылып жатыр. Менің ойымша, әрбір азамат оларды қорғаудың маңызын саналы



түрде ұғынбаса, біздің керемет жасыл бағымызды ешқандай тыйым салу құтқармайды. Сондықтан мен осы отырған барлығыңызды өз өлкелеріңіздің өсімдіктерін біліп, оларды қорғауға шақырамын.

Көзін ашып, бақ өсір бұлағыңа,
Айналсын құтты қоныс тұрағыңа.
Жайқалсын өлкемізде саялы бақ,
Бөленіп күннің нұрлы шуағына.

Мұғалім: Расында да, өлкемізді саялы баққа айналдыру әрқайсымыздың қолымыздан келеді. Ал сол әдемі табиғатымызды әсем әнге бөлейтін не, балалар? (Құстар)

V слайд. Олай болса келесі аялдамамыз «Орман сәні құстар» деп аталады. Бұл туралы не айтасындар?

Зарина: Табиғаттың сәні де, әні де қалықтай ұшқан құстар. Олардың әсем әндері бойымызды балқытып, еріксіз еліктіреді. Олар – біздің қанатты достарымыз. Олар – табиғат сақшылары. Егістіктің, бау-бақшаның сенімді серігі. Сондықтан ата-бабамыз құстарды қадірлеп, құрметтеген. Олар батыр ұлдарын сұңқарға, сұлу қыздарын аққуға теңеген.

Қазақстанда құстардың 480 түрі бар екен. Соның ішінде азайып кеткен құстар Қызыл кітапқа енгізіліп, қорғауға алынды. Ертеде жоңғар шапқыншылығы кезінде ауыл адамдары елін-жерін тастап қаша жөнелген екен. Сол ауылда Төле би атамыз ғана қозғалмай, киіз үйін жықпапты. Қалмақтың әскер басы себебін сұраса, Төле би үйінің төбесін көрсетіпті. «Қарлығаш шаңырағыма ұя салды, балапандары әлі жас, ұша алмайды» депті. Жас әскер басы Төле бидің адамгершілігіне риза болыпты. Содан Төле би атамызды «Қарлығаш би» атапты, ал қарлығашты «Әулие құс» деп атаған екен.

Қазақтар құстарға қарап ауа райын да болжай білген.

- Құс жүнін үрпитсе, жаңбыр жауады, ауа райы өзгереді.
- Сары шымшық ысқырса - шынымен күз болғаны.
- Қарға қарқылдаса - қар жауады.
- Жыл құсы қаптап кетсе - көктем ерте келеді.
- Көкек қатты әрі жиі шақырса – күн жылиды.
- Сауысқан шақылдаса, қонақ келеді.
- Ерте көктемде қарға суға шомылса, күн жылиды.

Айтсақ әніміз, ардақтасақ сәніміз, табиғаттың көркі құстарды қорғау әрқайсымыздың парызымыз.

Мұғалім: Құстарды табиғаттың әні десек, табиғаттың сәнін келтіретін тағы да нелер деп

ойлайсындар?(Хайуанаттар)

VI слайд

6. Ендеше келесі аялдамамыз «Табиғаттың сұлу мүсіні - жануарлар» деп аталады.

Мақсат: Табиғаттың сұлу мүсіні, көрікті келбеті – хайуанаттар. Халқымыз ежелден-ақ жануарларды көзінің қарашығындай аялап, қамқорлыққа алған көздері мөлдіреп тұрған қыздарын «Ботагөз» деп атаған. Бүгінде орманның сәнін келтіретін жан-жануарлар азайып келеді. Соның бірі қазақ жерінде тас дәуірінен бері тіршілік келе жатқан ғажайып хайуанаттар өкілі – Ақбөкен болып табылады. Оны халық көбіне киік деп атайды. Оның мүйізінің өзінде өкпе қабынуын, жүрек және т.б. ауруларды жазатын емдік қасиеті бар екен. Ал еті өте тез сіңетін жеңіл тамақ болып табылады. Қазақта киікті «қасиетті аң, киелі аң» деп атауы осыдан болса керек. Мысалы 1991 жылғы есеп бойынша оның қоры 700-900 мыңдай болса, 2009 жылғы есеп бойынша 30,7 мыңдай ғана болды. Ал 2023 жылғы әуе санағы деректеріне сәйкес киіктердің үш популяция саны биыл 597 мың басқа артты, яғни 45,3% -ға. Олардың ішіндегі ең көп Орал популяциясының саны 1,13 млн., Бетпақдалада - 745 300, Үстіртте-39 700-ге артқан. (ҚР Экология және табиғи ресурстар министрлігінен). Бүгінде ақбөкенді, жалпы қарақұйрық, құлан, арқар т.б аңдарды қорғау үшін «Дарвин», «Интас» сияқты қорлар, түрлі қорықтар құрылып, түрлі жұмыстар жасауда. Менің ойымша, адамдардың осындай қамқорлығының, мейірімділігінің арқасында орманымыз қайтадан әдемі аңдарға толатынына сенемін.

Мұғалім:

Өте жақсы, студенттер біз табиғаттың тамаша туындыларына саяхат жасадық. Табиғат-Ана ішсін, бар қажетіне жаратсын деп мөлдір су берді, ғажайып жасыл әлем сыйлады, орман-тоғайымыз әдемі болсын деп құсы мен әдемі аңдарын берді, қысқасы біз өмірге қажеттінің бәрін Табиғат - Анадан алады екенбіз. Ол қандай мейірімді, өзі қандай дархан, кең болса да, жүрегі де дәл сондай қайырымдылыққа, мейірімділікке толып тұр. Олай болса біз, балалар дәл қазір Табиғат - Анадан үйренген мейірімділігімізді бір-бірімізге арнаймыз.

7. Ойын: мақал-мәтелдер сайысы.

- 1) Нөсер алдында найзағай - ойнайды.
- 2) Күркіреген бұлттың - жаңбыры аз.
- 3) Боранды күні - ит пен бала құтырады.
- 4) Алпыс күнде тасыған су, - Алты күнде қайтар.

5) Жауын мен жер көгереді, - Батамен ел көгереді.

6) Қыстың көзі - қырау.

7) Сәуір болмай, - тәуір болмас.

8) Жел дауылды шақырады, - Бұлт жауынды шақырады.

9) Тау мен тасты су бұзар, - Ел арасын қу бұзар.

10) Ағаш тамыры мен мықты, - Адам достарымен мықты.

8) Жұмбақтар шешу:

Сатайын десем ауыр кілем,
Сатпайын десем тәуір кілем (Жер)

Таңмен көзін ашады,
Әлемге нұр шашады. (Күн)

Қыста ғана болады,
Ұстасаң қолын тоңады. (Қар)

Гүл-гүл жайнап жер, аспан,
Гүрілдейді сайда өзен.

Гүлжазира жарасқан
Гүлдерімен қай кезең? (Көктем)

Сырылдатады шәйнегін,
Ұнатпаса да жұрт, мейлі.

Тереземіздің әйнегін жуады,
Бірақ сүртпейді. (Жаңбыр)

Қозғалып жүрер жортақ шам,
Барлығымызға ортақ шам. (Күн)

Ақ көбелек қонды,

Құстар енді тонды. (Қар)

Киіз үйімнің төбесі

Түбітке толы. О несі? (Бұлттар)

Шымылдық ішінде қап-қара

Ұйықтап жат, дала, жат, қала. (Түн)

Көктен түседі,

Жер ішеді. (Жаңбыр)


Түндегі көп шырақты жағып кеткен

Кім келіп таң алдына алып кеткен? (Жұлдыздар)

9. Қорытынды

Табиғат – бүкіл тіршілік атауының алтын ұясы және аялы бесігі, құтты қонысы мен өнер мекені. Табиғат – адамға қажет баға жетпес байлық, ырыс пен мол қазынаның қайнар көзі. Сондықтан халқымыз «Табиғат – адамзаттың өмір нәрі, қажетінің табылар содан бәрі» деп дәріптеген. Табиғат – адам бойына адамгершілік абзал қасиеттерді қалыптастыратын ұлағатты ұстаз. Табиғат адам өмірінің барлық қажетін толық өтей алу үшін ол міндетті түрде ештеңемен былғанып уланбауы тиіс. Адам өзінің де, табиғаттың да досы, санасыз іс - әрекет жасаса, жауы болады. Адам баласы табиғаттың ең ұлы перзенті болумен бірге ең ұлы қамқоршысы екенін ешқашан естен шығармауымыз керек.

Табиғат адам бойына шабыт, көңіліне қуат, сезіміне сұлулық пен сағыныш ұялатады. Адам бойына адамгершілік қасиеттерді қалыптастыратын мол тәрбие көзі. Адам табиғатқа мейірімділікпен, сүйіспеншілікпен, қамқорлықпен қарап, үйлесімділік сақталғанда, адамзат баласы үшін табиғат – кең сарай мәңгі тоз-бас құтты қоныс болатынын ешқашан ұмытпайық.





Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар (Қысқа мерзімді сабақ жоспары)



ОСПАНОВА

Бақытжамал Мұратқалиқызы

«Облыстық жас туристер станциясы»


КММ-нің туристік – экскурсия бөлімінің

қосымша білім беру педагогы

Түркістан қаласы, Түркістан облысы.

Күні: Сынып: 8	Өтілетін орны: Облыстық жас туристер станциясы Мұғалімнің аты жөні: Б.Оспанова Қатысқандар: _____ Қатыспағандар: _____
Сабақтың тақырыбы	Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар
Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары	Қорықтар, қорықшалар, ұлттық саябақтар ерекше қорғалатын аумақтарының құрылу мақсатын түсіндіреді Қазақстанның табиғи мұрасына баға береді
Сабақтың мақсаты	Барлық оқушылар: Қорық, қорықша, ұлттық саябақтар Қазақстанның ерекше қорғалатын табиғи аумақтарының түрлерін анықтайды, құрылу мақсатын түсіндіріп бағалайды Көпшілігі: Қазақтың табиғи хоронимдерін ерекшеліктеріне қарай жіктейді Кейбір оқушылар: Халықаралық ерекше қорғалатын аумақтармен салыстырады және әлемдік деңгейде қорғау ұйымдарымен байланыстырып тұжырымдайды
Құндылықтарға баулу	Қазақстандық патриотизм, ашықтыққа, құрметке, ынтымақтастыққа баулу Азаматтық жауапкершілікке, туған жерді құрметтеуге тәрбиелеу

Жоспар

Сабақтың жоспарланған кезендері	Сабақтағы жоспарланған жаттығу түрлері	Дереккөздер, ресурстар
Сабақтың басы (5 минут)	Ұйымдастыру кезеңі Сәлемдесу, түгендеу, сынып назарын сабаққа шоғырландыру, Таратпалар арқылы 3 топқа бөлу 1. Қорықтар 2. Қорықшалар 3. Ұлттық саябақтар Әр топ өз топ аттарына қысқаша шолу Сабақ мақсаттарын оқушылармен бірге айқындау	Стикерлер  Презентация

Сабақтың ортасы
(28 минут)

Жаңа сабақ

Миға шабуыл (2 мин)

- Ерекше қорғалатын аумақтардың құрылу мақсаты не деп ойлайсыз?
- Неге табиғи мұра деп атаймыз?
- Халықаралық қорық күні дегенді естігенсіз бе?

«Кинометафора» әдісі бейне үзінді көрсетіледі (2 мин)

Оқушылар өз ойын ортаға салады (2 мин)

1-тапсырма. Жеке жұмыс (5 мин)

Ерекше қорғалатан табиғи аумақтардың түрлері. Қазақстанның табиғи мұрасы мәтінмен жұмыс Негізгі орындарын анықтап, құрылу мақсаттарын қысқа-нұсқа дәптерге түсіру, ерекшеліктерін анықтау, жіктеу

Дескриптор:

- Мәтінмен жұмыс жүргізеді
- Деректерді дәптерге түсіреді

Бағалау: Алғашқы дұрыс орындаған 4-5 оқушыларға смайликтер беріледі

2-тапсырма. Жұптық жұмыс (7 мин) «Айна» әдісі

Кесте бойынша бірлесіп Қазақстанның қоршаған ортаны қорғау бойынша хоронимдерді ерекшеліктері бойынша жіктейді

Ақсу-Жабағылы қорығы	
Наурызым қорығы	
«Бурабай» ұлттық саябағы	
«Шарын ерен тоғайы»	
«Алтынемел» ұлттық саябағы	
«Баянауыл» ұлттық саябағы	

Дескриптор:

- Хоронимдерді жіктейді
- Жалқы атауларын кестеге түсіреді

Бағалау: Алғашқы орындаған оқушыларға ауызша мадақтау жүргізіледі, смайликтер беріледі

3-тапсырма. Топтық жұмыс «Ойлан, бірік, бөліс» (10 мин)

Әр топқа жеке тапсырмалар беріледі, мәтінмен жұмыс жасайды

1-топ. Қазақстанның табиғи мұраларын бағалап, сонымен қатар табиғи мұралар тізіміне қосуға болатын орындарды болжандар

2-топ. Халықаралық ерекше қорғалатын аумақтар мен Қазақстанның ерекше қорғалатын аумақтарын салыстырып тұжырымдаңдар

3-топ. Әлемдік мұралар тізіміне енген аймақтарды атап, Халықаралық, Қазақстандық қоршаған ортаны қорғау ұйымдарымен байланыстырып қорытынды жасаңдар

Дескриптор

- Қазақстанның табиғи мұраларын бағалайды
- Тізімге енгізуге болатын табиғи мұраларды болжайды
- Еліміздегі ерекше қорғалатын аумақтарды әлемнің табиғи мұраларымен салыстырып тұжырымдайды
- Қоршаған ортаны қорғау ұйымдарының жұмысын талдайды
- Қазіргі ерекше қорғалатын аумақтардың хал-ахуалын тұжырымдап қорытындылайды

Бағалау: Соңында топтар «Бас бармақ» әдісі бойынша бір-біріне баға береді, топтарға жұмыстарына ауызша кері байланыс жасаймын

Сабақтың соңы
(5 минут)

«Сен маған мен саған» әдісі бойынша оқушылар жұптасып бүгінгі сабақта түсінгендерін бір-біріне сұрақтар қою арқылы қорытындылайды (2 мин)

Бағалау, рефлексия

БББ кестесі (3 мин)

Б (Мен не білемін?)	Б (Мен не білдім?)	Б (Менің не білгім келеді?)

https://www.youtube.com/watch?v=cbQ1Oe_wJVw



Ш.Толыбекова,
Г.Головина,
С.Козина,
Е.Ахметов
«Қазақстан географиясы»
Алматы
«Мектеп»2019

Оқулық



<https://kk.wikipedia.org/wiki/%D2%9A%>





Күнбатыс Алашорда тарихын зерттеу (105 жыл толуына орай өткізілген іс-шаралар)



ЕСҚАБЫЛОВ

Ерлан Мақсотұлы

«Жас туристер станциясы»

КММ-нің ҚББП-і

Жымпиты ауылы, Сырым ауд., БҚО

ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың басындағы ұлы оқиғалар қазақ топырағына тыңнан түрен салды. Сайын далаға келген серпілістің себебі мен салдары ғасыр басындағы Алаш зиялыларының есімімен тығыз байланысты. Алашорда - Алаш автономиясының үкіметі, 1917 жылдан 1920 жылдар аралығында қызмет атқарған. 1917 жылы желтоқсан айының 5-13 күндері Орынборда өткен ІІ жалпы қазақ съезінде құрылған Алаш автономиясының үкіметі – уақытша ұлттық кеңес – Алашорда деп аталды. 1918 жылы қыркүйекте Уфа қаласында өткен мәжілісте бұрынғы «Ойыл уәлаяты» уақытша үкіметі тарап, оның орнына Алашорданың Батыс бөлімін құру туралы шешім шығарылды. Ол ресми түрде «Алаш автономиясының батыс бөлігін басқару жөніндегі бөлімше» деп аталынды. Оның төрағалығына Жаһанша Досмұхамедов сайланса, Күнбатыс Алашорда бөлімінің орталығы болып Жымпиты ауылы (қазіргі Батыс Қазақстан облысы Сырым ауданының орталығы) таңдалған болатын.



Жаһанша Досмұхамедов - 1886 жылы Орал облысы, Орал уезі, Жымпиты болысы, № 1 ауылында дүниеге келді. Жерлесіміз Алаш қозғалысының аса көрнекті қайраткері, заңгер.

1899 жылы тамыз айында Орал әскери реалдық училищесіне оқуға түсіп, оны 1905

жылы бітіріп, сол жылғы 27 қарашада № 991 аттестатпен 1906 жылы тамыз айында, Орал облысының стипендиаты ретінде Мәскеу университетінің заң факультетінде оқып, № 175 бітіру куәлігімен 1910 жылы 4 наурызда бітіріп шыққан. 1917 жылғы ақпанға дейін Томск сот округі прокурорының орынбасары, Орал облыстық қазақ съезінің төрағасы, Құрылтай жиналысының мүшесі болып сайланған.

1917 жылы 1-11 мамыр аралығында Мәскеуде өткен Бүкілресейлік мұсылман сиезіне басқа да қазақ делегаттарымен бірге қатысып, мұсылман істерін басқаратын «Шуро-и-Ислам» комитеті төрағасының орынбасарлығына сайланады. «Шуро-и-Исламның» ісімен Мәскеуде біраз болады. Сол жылы 21-26 шілдеде Орынборда өткен Жалпықазақтық сиезде Орал облысынан Бүкілресейлік Құрылтай жиналысына депутаттыққа ұсынылады. 1918 жылы қыркүйекте Уфада өткен Алашорданың шұғыл мәжілісінде өзге де мәселелермен қатар «соғыс жағдайы мен жол қатынастарының нашарлығынан» Алаш автономиясының батыс өлкелерін басқару үшін «Ойыл уәлаятының» орнына Алашорданың батыс бөлімшесі құрылады. Бөлімшенің құрамына Б. Құлманов, Х.Досмұхамедов, Ж.Досмұхамедов және Е.Тұрмұхамедовтер кіреді. Төрағасы болып Ж.Досмұхамедов сайланады.

Ташкентте қазақ зиялылары құрған мәдени-ағарту «Талап» қауымдастығына мүше болып, оның тапсыруымен қазақ тілінде алғашқы қылмыстық кодекс жобасын әзірледі. Онан кейін ол Қызылорда, Алматы қалаларында әр түрлі қызметтер атқарып, 1930 жылы Мәскеуге

қызметке ауысады. Сол жылы қазан айында тұтқындалып, 1932 жылы Воронежге 5 жыл мерзімге жер аударылады. 1938 жылы қайта тұтқындалып, үштіктің шешімімен ату жазасына кесіледі.

Күнбатыс Алашорда үкіметінің басшыларының бірі ұлы тұлға, Жаһанша Досмұхамедовтың серігі Халел Досмұхамедов болған.

Халел Досмұхамедов

- Алаш қозғалысының қайраткері, дәрігер, ұстаз, ғалым. Мамандығы дәрігер бола тұрса да, қоғам өмірінің сан салалы мәселелеріне араласқан көп қырлы дарын. Саяси және қоғам қайраткері, тарихшы, табиғаттанушы, тілтанушы, әдебиетші, ауыз әдебиетінің сирек үлгілерін жинап, насихаттаушы, шебер аудармашы. Күнбатыс алашорда көсемдерінің бірі. 1883 жылы сәуірдің 24 бұрынғы Орал облысы, Гурьев уезі, Тайсойған болысы, (қазіргі Атырау облысы Қызылқоға ауданы) Тайсойған құмында №4 ауылында дүниеге келген.



Ағасы Дәулетүмбет Машақұлының ықпалымен әкесі Досмұхамед ауыл молдасынан хат таныған Халелді жергілікті орыс қазақ мектебіне береді. Мектепті жақсы бітірген Халел 1894 жылы Теке қаласындағы Орал әскери-реалдық училищесінің даярлық класына қабылданып, оны үздік бітіреді де, тағы бір жылға қосымша класта оқуға қалдырылады. Сосын Санкт-Петербург императорлық әскери-медицина академиясына латын тілінен қосымша емтихан тапсырды.

Мәскеуде өткен Бүкілресейлік мұсылмандар съезіне қатысып, I жалпықазақ съезінен Бүкілресейлік құрылтай жиналысына депутаттыққа кандидат ретінде ұсынылды. 1917 жылы II жалпықазақ съезінде жарияланған Алашорда үкіметі – Ұлт кеңесі құрамына сайланды. Алаш қайраткерлерімен бірге бірінші кезекте халықты бүліншіліктен қорғайтын ұлттық әскер – халық милициясын жасақтауға, Алаш қорын құруға, елден алым-салық қаражат жинау ісіне күш салды. Уақытша үкіметтен билікті күшпен тартып алған большевиктердің үстемдігі нығайған тұста, Кеңес үкіметінің басшысы В.И.Ленинмен, Ұлт істері жөніндегі халық комиссары И.В.Сталинмен бетпе-бет келіссөздер жүргізеді. Большевиктер Кеңес өкіметін толық мойындап, сөзсіз бағынуды

талап етсе, олар Алашордаға ішінара билік беру (заң шығару, атқарушы билік, сот жүргізу, өз әскері болу), қазақтар шоғырланған жерлерді түгел қазақтарға қайтару, әр жерде кеңес органдары тұтқындаған алаш қайраткерлерін түрмеден босату, оларды қудалауды тоқтату, қаржылай көмек беру сияқты маңызды мәселелерді өткір қоя білді.

Алайда, келесі жылы Кеңес өкіметі ұйымдастырған қуғын-сүргін саясаты кезінде тұтқындалып, ОГПУ - Біріккен мемлекеттік саяси басқару (БМСБ) үштігінің шешімімен Воронеж қаласына 5 жылға жер аударылды. Онда жүріп Денсаулық сақтау және гигиена институтында бөлім меңгерушісі, балаларды емдеу-сақтандыру амбулаториясы меңгерушісінің орынбасары секілді қызмет істеді. Соңғы бір жыл кесімді мерзімі бітсе де елге оралмады.

1938 жылы 26 шілдеде жалған саяси айыппен екінші рет тұтқынға алынып әуелі Мәскеу, кейін Алматы түрмесінде отырды. 1939 жылы 24 сәуірде әскери трибуналдың үкімімен ату жазасына кесілді, 1939 жылы 19 қыркүйекте түрме ауруханасында өкпе туберкулезінен қайтыс болады.

XX ғасырдың басында Алаш қайраткерлері қазақ халқының ұлт-азаттық күресін жаңа сапалық деңгейде көтеріп, ұлттық сана-сезімді оятып, қазақ қоғамына жаңа идеялар мен ой-пікірлердің, көзқарастың қалыптасуын қарастырды. 1918-1919 жылдары алашорданың Шығыс және Батыс бөлімдері Орталық Алашорда үкіметінің нұсқауларына сәйкес жұмыс жүргізді. 1919 жылы желтоқсан айында Алашорданың Батыс бөлімінің соңғы есеп беру бағытындағы отырыс өткізіліп, 1920 жылдың басында Күнбатыс Алашорда билігі толық тоқтатылды.

Аталған Күнбатыс Алашорда билігі тоқтағанға дейін XX ғасырдың басында Жымпиты өңірі үлкен саяси дүрбелеңдердің орталығына айналды. Жымпиты жерінде Күнбатыс Алашорда үкіметі ту тігіп, тұңғыш қазақ мемлекеттілігі



идеясының негізі қаланып, үш жылға жуық жұмыс жасады. Мұнда қазақ зиялыларының бір тобы шоғырланды. Оған сол кездегі Күнбатыс Алашорда үкіметінің үйі болған, қазіргі «Алаш» музейі айқын тарихи куәгер. Жалпы барша алаштықтардың көзқарастары әртүрлі болғанымен, жалпы бағыты тәуелсіз қазақ елін құру болатын. Солардың қатарында Жымпиты өңірінің азаматтары Бақытжан Қаратаев, Жаһанша мен Халел Досмұхамедовтар, Молдағали Жолдыбаев, Меңдігерей Имағамбетов, Иса Қашқынбаев, Дәулетше Күсепқалиев, Ғалиасқар мен Ғұбайдолла Әлібековтер, Ахмет Мәметов, С.Қожболатов, Кафи Мырзағалиевтер бар болатын. Олар сол бір кезеңде ел үшін аянбай қызмет еткен Аталған азаматтар сол тарихи кезеңде ел болашағы үшін тер төгіп, көпшілігі түрлі саяси қуғын-сүргінге ұшырап қаза тапты.

Биылғы жыл аудан тарихы үшін тарихи даталарға толы жыл болып отыр. Атап айтсақ биылғы жыл ХХ ғасырдың басындағы қазақ үкіметінің мүшесі, мемлекет және қоғам қайраткері, Күнбатыс алашорда үкіметінің басшыларының бірі Алаш қайраткері, дәрігер, педагог Халел Досмұхамедовтың туғанына 140 жыл, ал Күнбатыс Алашорда үкіметінің құрылғанына 105 жыл толып отыр. Аталған тарихи оқиғаларға толы Сырым ауданында жыл басынан бері көптеген іс-шаралар оздырылды. Тарихи-өлкетану бағытында оқушылармен түрлі шаралар мен іздестіру-зерттеу жұмыстарын

жүргізген аудандық «Жас туристер станциясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі де бұл бағыттағы шараларды ұйымдастыруда шет қалмай, көптеген іс-шаралар ұйымдастырды. Осы мақалада атқаралған шараларға қысқаша тоқталғанды жөн көріп отырмын.

«Жаһаншатану»

атты екі күндік жаяу жорық

Сырым ауданы көлемінде Күнбастыс алашорда басшылары болған Халел Досмұхамедов пен Жанша Досмұхамедовтың өмір жолы мен қызметін тану, насихаттау, өлкетану материалдарын жинау, оқушылардың туристік-спорттық дайындығын дамыту, салауатты өмір салтын қалыптастыру, туристік шеберліктерін жетілдіру бағытында сәуір айында Жымпиты – Көгериc – Қарақұдық - Бұлдырты маршруттары бойынша 66 шақырымды құраған оқушылардың жаяу жорығы ұйымдастырылды.

Жорыққа аудандық «Жас туристер станциясы» мекемесінің жанындағы Ж. Досмұхамедов атындағы орта мектеп-балабақша кешенінің «Алаштану» өлкетану үйірмесінің оқушылары қатысты.

Сондай-ақ жорыққа шығар алдында қатысушы оқушыларды жол жүру ережелерімен және жорық кезіндегі қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтау мақсатында түсінік жұмыстары жүргізілді.

Жаяу жорықшылар ең алдымен Жымпиты ауылындағы «Алаш» музейіне бас сұғып, жал-



пы Алаш тарихы мен қоса Күнбатыс алашорда үкіметінің қызметі мен олардың саяси қызметін, алаш зиялыларының өмір жолымен танысып Бұлдырты ауылдық округінің орталығы Бұлдырты ауылы мен оған қарасты, Жанша Досмұхамедов туып өскен елді-мекен Қарақұдық ауылы болатын. Бұл бағытқа қарай жер жоғарылап, жолымыз құмды аймаққа айнала бастайды. Қозғалыс кезіндегі негізгі кедергі болған, далалық жол жүруге бір жер құмды ауыр болса, кейбір биік жерлерде құмды жусанды далалық болды.

Дегенменде жорыққа қатысушы оқушылар еш кедергісіз жүріп өтті. Негізінен бұл кішкентай ауылда Алашқа аты мәлім, Алаш үкіметінің аса көрнекті қайраткері, белгілі заңгер, Күнбатыс Алашорда үкіметіне басшылық еткен Жанша Досмұхамедов туған. Ұлы тұлғаның балалық шағы, өмірі осы жерден басталып, кіндік қаны тамған. Тана руының Қарақұнан бөлімінен тараған.

Демалып болғаннан соң Қарақұдық елді мекеніне ендік. Ауылда санаулы ғана үй қалған екен. Ауыл ішінде ешқандай адам кездеспеді. Мұнда ешқандай мемлекеттік мекеме әкімшілік, мектеп жоқ болғандық тек қана жалғыз ғана дәрігерлік пункт бар. Ауыл ішінен шығып 300 метрдей жүріп, көпшілікке «Жанша Досмұхамедов ағашы» атанған ағашқа келдік. Ағаш найзағай түсіп өртеніп, қурап та бітіп қаңқасы қалған. Бір кездердегі көнекөз қарялардың айту бойынша бұл ағашты сонау бала кезінде Жаһанша ағамыз отырғызған деген әңгіме бар. Көп кідірмей жүріп отырып, Самара-Шымкен тас жолына жетіп, осы

жол жиегіндегі Ж.Досмұхамедовқа қойылған биік дөң басындағы ескерткіш тақтаға тоқтап, естелік фотоға түсіп, бұл жерде де оқушыларға саяси қайраткердің өмір жолы мен саяси қызметіне кеңінен тоқталдық.

Ендігі межеміз Бұлдырты ауылына жету. Бұлдырты ауылына жолымызды шама келсе төте жүріп жол қысқартуымызға тырыстық. Қарақұдық ауылынан шығып тас жолға шыққанда ақ Бұлдырты ауылы алыстан көрінді.

Сыртынан қарағанда-ақ ауылдың көлемі едәуір үлкен екені байқалды. Бұлдырты ауылы аудан орталығы Жымпиты ауылынан кейін халқы саны жағынан да, көлемі жағынанда екінші үлкен ауылдық округ. Мұнда 4000 мыңнан аса халық тұрады. Ауыл көшесімен бойлай жүре Бұлдырты білім беретін мектебіне келдік. Бізді музей жетекшісінің көмекшісі педагог, жас маман Ералхан Мүтиғоллаұлы қарсы алып, мектеп музейімен жіті таныстырды. Музейде оқушылар Күнбатыс Алашорда үкіметі мен оның көшбасшылары, ауыл тарихы жөнінде көптеген қызықты деректер алды. Өткен жылы жаңадан ашылған Спорт кешеніне бас сұқтық. Өйткені Бұлдырты ауылы спорт саңлақтарына кем емес. Бұл жерден еркін күрес шеберлері шықса, бүгінде халықаралық дәрежедегі еркін күреспен қоса, қол күресінің жас спортшылары бар. Су жаңа кешен жаңа заманауи жабдықтармен жабдықталған.

Осылайша екі күнге созылған жорық өте қызықты, тартымды өтті. Жорықшылар жолда кездескен елді-мекендер тарихымен жетекешілер ар-



қылы танысып, көптеген танымдық мағлұматтар алды.

«Күнбатыс Алаш жолымен»

Мамырдың мамыражай күндерінің біріндегі мазмұнды шаралардың бірі Алаш қозғалысының қайраткері Халел Досмұхамедовтың туғанына 140 жыл, Күнбатыс Алашорда үкіметінің құрылғанына 105 жыл толуына орай “Жымпиты - Бұлдырты өзені - Қаратөбе” маршруты бойынша “Күнбатыс Алаш жолымен” туристік веложорығы ұйымдастырылды.

Аталған веложорық ұлттық идея мен рухани-мәдени сананы қалыптастыру және Жымпиты, Қаратөбе өңірлерінде өткен қазақ съездерінің құрылтайы қызметін кеңінен тану, өлке тарихы мен көршілес ауданның тарихи-мәдени ескерткіштерін зерттеуді мақсат тұтқан.

Жорықшыларды шығарып салу салтанатына аудан әкімінің орынбасары Артур Шерғалиев, “АМАНАТ” партиясының аудандық филиалының төрағасы Талғат Дарғожиев қатысып, жорықшыларға сәттілік тіледі.

Аудан орталығы Жымпиты ауылындағы «Алаш» саябағында өткен веложорықшыларды шығарып салу салтанатты жиыны Жас туристер станциясының “Жас дарын” бард үйірмесінің шәкірті Айдын Аманжол “Мен қазақтың баласы” әнімен қорытындыланды.

Сырым ауданы орталығындағы «Алаш» саябағынан 4 мамыр күні бастау алған веложорығымыз, Жымпиты-Қаратөбе ауданаралық автотасжолы арқылы 100 шақырымды жүріп өтіп, 5 мамыр күні

көршілес Қаратөбе ауданында жалғасын тапты.

Қаратөбе ауданына жеткен соң аудандағы әріптестеріміз Қаратөбе аудандық «Балалар мен жасөспірімдер туризмі орталығы» мекемесінің директоры Айбат Омаров бастаған туризм ұжымы біздерді орталық саябақтан қазақы дәстүрмен бауырсақ пен ақтан ауыз тигізіп, қонақжайлықпен қарсы алды. Осы жерде басты мақсатымызды айтқан бойда әріптестеріміз Алаш съезі өткен ауыл ішінде орналасқан тарихи орынға баруды ұсынды. Ауыл ішін бойлай Батыс Алашорда өкілдеріне серпіліс берген 1918 жылдың ақпан айында өтіп, тарихта «Қаратөбе сиезі» деген атпен қалған, алаш қайраткерлері бас қосып, мемлекеттік мәселелерді шешу жолында алқалы жиын өткен киелі орынға келіп, арнайы қойылған ескерткіш белгіге тоқтадық. Бұл жерде бізді үлкен қошемет пен музей ұжымы күтіп алды. Одан әрі дәл сол жерде салынған «Алаш» және «Кайыржан Хасанов» атындағы тарихи - өлкетану музейіне ендік. Хан сарайындай салынған бұл музей ғимараты «Алаштықтардың» құрметі мен рухына арнап шынайы ниетпен салынғаны көзге көрініп тұр. Музей ішінде бізді экскурсовод Заманбек Темірболатұлы қарсы алып, музейдің кіре берісінен бастап, қазіргі заманға сай заманауи үлгідегі жасақталған музейдегі «Алаш» залында Алаш зиялыларының ел игілігі жолындағы еңбектері туралы мол мағлұмат алсақ, «Кайыржан Хасанов» залында Алаш мұрасын зерттеуші, оны насихаттаушы, тарихшы Кайыржан Хасанов атамыздың өмір жолы мен іргелі еңбектерімен



таныстық. Экскурсия аяқталған соң арнайы қонақтарды қарсы алатын үлкен мәжіліс залына жайғасып, «Күнбастыс Алаш жолымен» атты туристік веложорығымыздың басты мақсаты жөнінде жете тоқталып, ой бөлісіп, туристік - өлкетану бағытында бірлесіп атқаратын кейбір жоспарларымызды сөз етіп, жорығымызды қортындыладық. Жалпы бұл веложорық барысында Алаш зиялыларының табаны тиген жерге біздің де табанымыз тигеніне рухтанып, ерекше сезімге бөлендік. Осылайша екі күнге созылған «Күнбастыс Алаш жолымен» атты туристік веложорығымыз сәтті аяқталды.

Аймақтық «Алаштану» музейлік квест ойыны

Жымпиты ауылындағы «Алаш» музейінде аудандық «Жас туристер станциясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі мен аудандық Сырым Датұлы атындағы тарихи-өлкетану музейімен бірлесе ұйымдастыруымен қоғам және мемлекет қайраткері, Алаш қозғалысының мүшесі Халел Досмұхамедовтың туғанына 140 жыл және Күнбатыс Алашорда үкіметінің құрылғанына 105 жыл толуына орай саяси тұлғаның өмір жолы мен Күнбатыс Алашорда үкіметінің саяси қызметін тану, оқушылардың танымдық қызығушылықтарын дамыту, патриоттық тәрбие беру мақсатында аймақтық «Алаштану» музейлік квест ойыны оздырылды.

Ереже бойынша әр командадан үш қатысушыдан

болған аталған шараға көршілес Бөрлі, Теректі, Қаратөбе және Сырым ауданынан 5 команда қатысты. Қатысушыларды алдымен Алаш музейі алдында қазақы дәстүрмен қарсы алып, қонақтарға мұражай ішіне кеңінен экскурсия жүргізілді. Музейлік квест ойыны ережеге сай 4 кезеңнен тұрады. Атап айтсақ «Сұрақ бізден, жауап сізден», «Алаштың асыл азаматтары», «Жәдігерлер үнсіз қалмасын», «Музейдегі үздік Сельфи» кезеңдері бойынша сынға түсті.

Алаш тарихына қызығушылықпен қарайтын жас жеткіншектеріміз шараға аса белсенділікпен қатысып, өз білім деңгейлері мен ойлау қабілеттерін көрсетті. Қорытындысында Қаратөбе ауданының «Алаш» тобы I орынға, Теректі ауданының «Эрудит» тобы II орынға, ал Бөрлілік «Қыран» тобы жүлделі III орынға ие болып, Жеңімпаздар мен жүлдегерлер Сырым аудандық білім беру бөлімінің дипломдарымен марапатталып, арнайы сыйлықтары табыс етілсе, өз кезегінде қатысушы команда жетекшілері де өз ризашылықтарын білдіріп, шараның оқушылар үшін қызықты да тарихи танымдыққа толы екеніні айтып тарасты.

«Күнбатыс Алаш тарихы»

Орталықта «Алаштану» өлкетану үйірмесі жұмыс жасап келеді. Үйірмеге Алаш тарихына қызығушылығы бар оқушылар тартылып, арнайы оқу бағдарламасы жасақталған. Үйірме сабағында азаттыққа алғаш қол созған Алаштықтардың ба-



сты идеясы, жалпы алаш қозғалысы, оның саяси қызметі мен саяси қайраткерлердің өмір жолы, соның ішінде Күнбатыс Алаш тарихы мен оның орталығы болған Жымпиты ауылының тарихы оқушыларға оқытылып келеді. Жыл бойы оқу бағдарламасы бойынша көптеген жорықтар мен музейлерге танымдық экскурсиялар өткізіліп оқушылардың тарихи білімі толықтырылды. Осы орайда тәрбиеленушілерге үйірме сабағының қорытындысы ретінде «Күнбатыс Алаш тарихы» тарихи-танымдық қорытынды сабағы өткізілді. Танымдық сабақ Күнбатыс Алашорда үкіметінің құрылғанына 105 жыл толуына орай және саяси тұлғаның өмір жолы мен Күнбатыс Алашорда үкіметінің саяси қызметін тану мақсатына арналған. Сабақ барысында оқушыларға арнайы алаш тарихы бағытында бейнеороликтер көрсетілсе, қорытындысында «Алаштану» бағытында тақырыптық сөзжұмбақ шешіп, бағдарлама бойынша тест жұмыстары орындалды. Келешекте де аталған бағыттағы үйірме жұмысы жалғасын тауып, оқушыларға Алаш тарихы жөніндегі зерттеу жұмысының жоспарлы жалғасын таба бермек.

Жалпы биылғы жыл жоғарыда айтып өткеніміздей көптеген аудан көлемінде ірілі-ұсақ іс-шаралар мен қоса туристік-өлкетану бағытында да көптеген іс-шаралар оздырылғанын сөз еттік. Алаш тарихы жайында айтылатын, ашылмаған ақиқаттар, жазылар дүниелер көп екенін және де әліде іздестіру-зерттеуді қажет ететіні сөзсіз.



Алаштықтардың ақтандақ өмірлері, қилы-қиын қыстау замандарда ел тәуелсіздігі жолында саяси қуғын-сүргін мен зорлық-зомбылыққа ұшырауы олардың азапты өмірі еш ұмытылмақ емес. Күнбатыс Алашорда тарихында елеулі саяси қызмет атқарып, оның бір кездегі орталығы болған Жымпиты жері талай алаштықтардың басқосулары мен тарихи оқиғаларының шыннайы куәгері десек, тарихқа толы өлкеміз де бұл бағыттағы жұмыстарды зерттеп тану алдағы уақытта да жалғасын табатыны сөзсіз.





Х.Есенжановтың 115 жылдығына арналған «Ақжайық тану» экспедициясы



КУЛЬЧУКОВА
Ақмарал Кенесқызы
Хамза Есенжанов атд.
облыстық балалар және жасөспірімдер
кітапханасының кітапханашысы,
Орал қ., БҚО

«Самалы салқын жері бай, ері батыл, елі бай, сол елімді, жерімді жүрегіммен сүйемін» деп, бүкіл саналы ғұмырын өз еліне, туған жеріне қызмет етуге арнаған жерлес жазушы, «Ақ Жайық» романының авторы, Қазақстан мемлекеттік сыйлығының лауреаты, «Еңбек Қызыл Ту», «Құрмет белгісі» ордендерінің иегері Хамза Ықсанұлы Есенжановтың 115 жылдық мерейтойына орай өткізілетін шаралар шеңберінде Батыс Қазақстан облысының әкімдігі білім басқармасының балалар мен жасөспірімдер туризм және экология облыстық орталығының жобасы негізінде Теректі аудандық туризм және экология орталығы және Хамза Есенжанов атындағы балалар мен жасөспірімдер кітапханасымен бірлесе арнайы экспедиция ұйымдастыру ойластырылған болатын.

7-9 маусым аралығында жас ұрпақты өлке тарихымен таныстыру, рухани-мәдени мұраларды сақтау, жерлес қаламгерлерді таныту арқылы танымдық қабілеттерін дамыту мақсатында «Ақжайықтану» туристік-өлкетану экспедициясы ұйымдастырылды. Сондай-ақ жерлес жазушының өмір жолында жүріп өткен іздерімен сапар шегіп, «Ақ Жайық» трилогиясының қалай туғанын оқырманның көз алдына әкеліп, шығармашылық процестің дамуынан хабардар ету мақсаты да көзделді.

Экспедиция құрамында Батыс Қазақстан облысының әкімдігі білім басқармасының балалар мен жасөспірімдер туризм және экология облыстық орталығы педагогтері – Райгүл Альмуханова, Гүлмира Есқалиева, Тоты Ғайнеден,

Ұлан Халенов және біздің кітапханадан әріптесім Тамара Исмагулова болды.

7 маусым күні сағат 8:00-де туризм орталығының қаламыздағы №10, №44, №49, ШСД жалпы орта білім беретін мектептерінен құралған 21 белсенді үйірме оқушылары қатысқан өлкетану экспедициясы 6-шы шағын аудандағы «Жеңіс» саябағында бой көтерген Хамза Есенжановтың ескерткіші жанынан бастау алған болатын. Жас өлкетанушылар тобын сапар алдында Батыс Қазақстан облысының әкімдігі білім басқармасының балалар мен жасөспірімдер туризм және экология облыстық орталығы директоры Бекқалиев Ғалым Ибатоллаұлы қабылдап, оқушыларды экспедицияның мақсат-міндеттерімен таныстырып, сәт-сапар тіледі. Сондай-ақ сөз алған Хамза Есенжанов атындағы облыстық балалар және жасөспірімдер кітапханасы қызметкерлері жазушының өмірі мен шығармашылығына, «Ақ Жайық» романының туған жерге деген сүйіспеншілікті тудыратын қасиетіне тоқталып, экспедицияға сәттілік тіледі.

Жас өлкетанушылармен бірге таңертеңгі сағат 8:30-да Теректі ауданының Подстепный елді-мекеніне бет алып, экспедиция маршруты бойынша өлкенің мәдени орындарының бірі болып табылатын «Ұлы дала» саябағындағы Хамза Ықсанұлының ескерткіші жанына тоқтадық. Сол жерде жас өлкетанушыларды күтіп алған Теректі ауданының балалар мен жасөспірімдер туризмі және өлкетану бөлімінің меңгерушісі Алғазиева Айдана Русланқызы ауыл тарихы, жазушы ескерткішінің қойылу тарихы туралы кеңінен мағлұмат берді.

Содан, Жаңаөмір – Бекей – Талпын ауылдары арқылы сағат 10:10-да Аңқаты ауылына келдік. Аңқаты ЖОББМ-нің қызметкерлері мектепке экскурсия жасап, мектеп жанынан ашылған музей жәдігерлерімен таныстырды. Музейдегі жәдігерлермен таныса отырып, құнды құнды деректерге қанықтық: оқушылар Аңқаты ауылының тарихымен, өңірден шыққан танымал тұлғалардың өмірбаянымен, еңбектерімен танысты. Осы ауылдың Ұлы Отан соғысына қатысқан адамдары, мектептің әр жылдардағы басшылары, мектеп түлектері, «Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар» шыққан алтын медаль иегерлері, ауылдың, мектептің мақтаныштары - филология ғылымдарының докторы, профессор Мұрат Сабыр, өңірімізге танымал болған ақын, журналист Ақмаржан Таубаева туралы ақпарат алдық.

Аңқатыдан шыққан соң жазушының туған жері - Сарыөмір ауылына жол тарттық. Жол бойына тоқтап, өлке географиясымен, флорасы мен фаунасы туралы ақпарат беріліп отырды. Оқушылар дала күнделігіне жолда көрген өсімдіктерді, кездескен құстар мен жануарларды жазып отырды. Сағат 12:00-де Сарыөмір ауылына жетіп, сол ауылдың көркін ажарландырып тұрған Шалқар көлінің жағасына келіп тоқтап, оқушылар бивуак құрып, орналастық. Шалқар көлін қызықтап, суретке түсіп, спорттық ойындарға кезек берілді.

Сарыөмір ауылы Теректі ауданындағы Шалқар ауылдық округі орталығы болып саналады. Бұл ауыл киелі Шалқар көлі мен Сасай тауының

бөктерінде орналасқан табиғаты әсем де көрікті ауыл, қазақтың ұлттық құндылықтарын сақтаған, берекесі артқан киелі мекен, жазушы Хамза Ықсанұлының туған жері. Ауыл маңында тарихи орындар, қасиетті жерлер аз емес. Бұларға әлі де тереңірек зерттеулер қажет деп ойлаймын.

Жас өлкетанушылар үшін далада от жағып, қазан қайнатып, ас ішу, аяқтарын Шалқар көліне малып, доп ойнау өте қызық екені байқалды. Жүздеріне күлкі үйіріліп, қуанғандарын жасыра алмады.

Түстен кейін шамамен көл жағасынан 2 км жердегі Сарыөмір ауылына жаяу барып, сол ауылдағы Хамза Есенжанов атындағы мектеппен және музеймен танысу мүмкіндігі туды. Мектеп қызметкері Досмурзина Анаргүл музейдегі жәдігерлермен таныстырды. Мектеп мұғалімдері мен оқушылары ұйымдастырған кездесуде шараға арнайы қонақ ретінде шақырылған Файзуллин Тәупен және 9 сынып оқушысы Рапаш Әміржан жазушымен туыстығы туралы айтып берді. Ардагер ұстаз Шотанов Шарапи мектептің тарихы, жетістіктері туралы айта келіп, ауыл тарихы, шаруашылық орындары, өндіріс ошақтарына тоқтала отырып, Сарыөмір ауылының әсем табиғаты, тарихи жерлері туралы да қызықты етіп баяндады. Оқушылар Ақұштап Бақтыгерееваның, Сағынтай Бисенғалиевтің, Ғайсағали Сейтақтың Хамза Есенжановқа арналған өлеңдерін оқыды. Жалпы, шара кезіндегі басқосуда өлкенің тарихы, сол өлкеде туып-өскен тұлғалар қақында да жүйелі әңгіме болды.



Біздің келетінімізді алдын-ала біліп, шара ұйымдастырған мектеп директоры Қайыркүл Шынар Самиголлақызына және осы игі шараның басы-қасында болған ардагер ұстаз Шотанов Шарипи Тәжібайұлына, сол мектептің ұстаздарына алғысымызды білдірдік.

Жазушы атындағы жалпы орта білім беретін мектептен шыққан соң ауылдық мәдениет үйінде, сол ғимаратта ашылған Хамза Есенжанов кабинетімен танысып, мәдениет үйі қызметкерлері ұйымдастырған шағын концертті тамашаладық. Сарыөмір ауылы Хамза сынды қайсар қаламгердің рухын сақтап тұрғандай көрінді бізге.

8 маусым - экспедицияның екінші күні жас өлкетанушыларға кітапхана қызметкерлері Тамара Мұхамбетжанқызы екеуміз Хамза Есенжановтың шығармаларына шолу жасадық. Жазушы шығармасындағы Шалқар көлінің әсем табиғаты, халық игілігіне жараған алуан түрлі балықтары, көл жағалауының ажарын келтіріп тұрған түрлі өсімдіктері, хайуанаттар әлемі туралы суреттеген тұстар жас өлкетанушыларға қатты ұнады. «Ақ Жайық» романын оқи отырып, балалардың бойында елімізге, жеріміздің әсемдігіне деген мақтаныш сезімі пайда болатыны сөзсіз.

Түске таман Шалқар көлінің оңтүстік жағасындағы абсолюттік биіктігі 94 метр болатын Сасай тауына шығу – балалар үшін аса бір қуаныш болды. Баланың әрқашанда қоршаған орта, әлемдегі бізге беймәлім құбылыстардың құпия сырларын білуге ұмтылатыны заңды құбылыс. Балалар биікке шығып, тау үстінен анық

көрініп тұрған баурайындағы Сарыөмір ауылы мен Шалқар көлін қызықтады, таудағы желдің жылдамдығын, ауа температурасын арнайы құрылғымен өлшеді. Сондай-ақ тауда боз, бетеге, еркек шөп және т.б. астық тұқымдас шөптер өсетінін анықтады.

Түс ауған кезде экспедиция қатысушылары Шалқар көлінен 20-25 шақырымдай қашықта жатқан, диаметрі 1-2 шақырым шамасындағы Әлжан сорына ат басын тіреп, ауыл тұрғындарынан оның шипалы қасиеті туралы мәлімет алды. Мұның барлығы балаларды табиғатты сүйуге, оған ұқыпты қарауға тәрбиелеу екені белгілі. Өйткені балалар Отанымыздың болашағы, оның кең байтақ жерін, байлықтарын сақтайтындар да бүгінгі жас ұрпақ. Олардың жыл сайын өлкеміздің түрлі аймақтарына саяхаттап, сол жердің табиғатын, мәдениетін, тарихи ескерткіштері мен архитектуралық нысандарға зерттеу жүргізіп, ғылыми жаңалықтар ашуға дағдыланатыны – қуантарлық жәйт.

Өлке тарихын өз шығармаларында шебер жеткізе білген суреткердің 115 жылдық мерейтойының қарсаңында ұйымдастырылған «Ақжайықтану» туристік-өлкетану экспедициясы 9 маусым күні сәтті аяқталып, жас өлкетанушылар үшін Теректі ауданының тарихымен, өлке географиясымен, жазушының өмірбаянымен, шығармаларымен танысуына мүмкіндік берді. Хамза Есенжановтың өшпес мұрасын жас ұрпаққа танытып, насихаттау және зерттеу жұмыстары жалғасын таба береді.



Түркістан облысы Білім басқармасы
«Облыстық жас туристер станциясы» коммуналдық
мемлекеттік мекемесіне қарасты Келес аудандық бөлімі
«Жаз қызығы-көңілді демалыс» жазғы іс-шаралар жоспарына
сәйкес «Жайдарлы жаз» тақырыбындағы іс-шараның
ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ

Өткізілетін уақыты: 2023 жылы 14 тамыз күні.

Өткізілетін орны: Түркістан облысы, Сарыағаш ауданы, Еңкес ауылдық округі.

Ұйымдастырушылар: Түркістан облысы Білім басқармасының «Облыстық жас туристер станциясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне қарасты Келес аудандық бөлімі.

Қатысушылар: Түркістан облысы білім басқармасы «Облыстық жас туристер станциясы» КММ-не қарасты Келес аудандық бөлімінің қызметкерлерімен үйірмешілері.

Мақсаты мен міндеті:

- Ұлттық сана-сезімі қалыптасқан, ұлттық мүдденің өркендеуіне үлес қосып ұлттық құндылықтар мен жалпы адамзаттық құндылықтарды өзара ұштастыра алатын ұлтжанды тұлғаны тәрбиелеу;

- Оқушылардың Отанға деген патриоттық сезімдерін ояту;

- Ғасырлар көшінде жастардың жауынгерлік рухын асқақтату мақсатында дәріптеліп, кешеден бүгінге жалғасып келе жатқан ұлттық ат спортын дамыту;

- Суда жүзудің пайдасын, техникасын меңгерту;
- Оқушылардың «Жаз қызығы-көңілді демалыс» жазғы демалыс уақытындағы іс-шараларға қызықтыру, қызығушылықтарын арттыру.

Негізі: ҚР Оқу – ағарту министрлігі «Республикалық қосымша білім беру» оқу-әдістемелік орталығының «Жаз қызығы - көңілді демалыс» іс-шаралар жоспарына сәйкес.

Күтілетін нәтижелер: Үйірмешілер арасында туризм саласын насихаттау; үйірмешілердің жазғы демалысын мазмұнды өткізу; су туризміне деген қызығушылығы артады;

Ақпараттық қолдау: Жергілікті журналистер мен блогерлердің және қызметкерлер тарапынан белсенді тілшілердің көмегімен жарияланады.

Facebook, Instagram

Жайдарлы жаз

Жаз айы жас туристер станциясы үйірмешілері

үшін ерекше ықыласпен күтілетін уақыт. Жазғы демалыс-үйірмешілердің табиғатпен ерекше үндестік тауып, дүниетаным аясы кеңітін, көзқарас қалыптасып, ықыласы артатын жылдың тамаша мезгілі. Жаз мезгіліндегі бұл уақыт балалардың негізгі сабақтан, үйреншікті тіршілік қарекетінен босап, өзінің қызығушылығымен айналасуына мүмкіндік береді. Сондықтан оқушылардың бос уақытын дұрыс пайдалануға бағыттау, үйретудің мәні зор.

Осы орайда «Облыстық жас туристер станциясы» КММ-не қарасты Келес аудандық бөлімі үйірмешілерінің жазғы демалыс кезіндегі уақытын тиімді өткізу мақсатында «Жайдарлы жаз» атты іс-шарасы ұйымдастырылды. «Жайдарлы жаз» іс-шарасы концерттік бағдарламамен басталды. Концерттік бағдарлама «Балалар саз мектебі» қызметкерлерінен құрылған оркестрі арқылы сүйемелдеп тұрды. Концерттік бағдарламада үйірмешілер «Попури» ән айтып, «Балбырауын» биін билеп қызықты қылып өткізді.

Концерттік бағдарламадан соң Түркістан облысы білім басқармасы «Облыстық жас туристер станциясы» КММ-не қарасты Келес аудандық бөлімінің үйірмешілері ат әбзелдерінен көрме ұйымдастырды, көрмемен үйірмеші Омаров Бағдат пен Көпжасар Сүндет келген қонақтарға таныстырды. Қалдар Мейрамбек қамшы өру әдіс-тәсілдердерін көрсетті. Ер-тоқым қалай жасалатыны көрсетілді, ат-әбзелдерін жасайтын, ер қосатын шеберлер мен өрімшілерді халықта құрметтеп, олардың еңбегіне көп мал төлеген, мысалы күмістелген бір ер-тоқымға бір ат төлеген.

Іс-шараның екінші кезеңінде үйірмешілер атпен серуендеп зообақты тамашалады (түйеқұс, киік, елік, тауыс, цецарка, кептер, бөдене, тотықұс, кекілік құс, қырғауыл, қоян) жан-жануарларын тамашалады.

Іс-шара соңында барша қонақтармен үйірмешілер Келес өзенінде қайықпен серуендеп күндерін пайдалы және қызықты қылып өткізді.

**«Жаз қызығы – көңілді демалыс»
жазғы демалыс уақытындағы іс – шаралар жоспарына сәйкес
«Жайдарлы жаз» тақырыбындағы іс-шара
Бағдарламасы**

Өткізу орны: Түркістан облысы, Сарыағаш ауданы, Еңкес ауылы.

Өту мерзімі: 14.08.2023 жыл

Уақыты: 09:00- 17:00

БАҚ: «Turkistan TV» және «СӘТ» телеарнасы, «Соқпақ» республикалық ғылыми-әдістемелік журналы, «Білімді ел» Республикалық білімділік қоғамдық-саяси газеті, «Келес келбеті» газеті

№	Уақыты	Мазмұны
1	09.00- 09.30	Түркістан облысы, Сарыағаш ауданы, Еңкес ауылында өтілетін іс-шараға қатысушы үйірмешілер мен жетекшілерді тіркеу
2	09.30-10.00	Қатысушылардың спорттық киім үлгіде болуын бақылау. Іс-шара бағдарламасымен таныстыру. Қатысушыларға қауіпсіздік ережесін таныстыру.
3	10.00 – 10.30	БАҚ өкілдеріне сұхбат беру, іс-шара аясында атқарылатын жұмыстармен таныстыру.
4	10.30-11.00	Іс-шараның ашылуы «Облыстық жас туристер станциясы» КММ директоры Сауле Өмірсерікқызы және Келес аудандық бөлімінің басшысы Г.Мырзанов сөз сөйлейді.
5	11.00-11.30	Музыкалық бағдарлама: Оркестр сүйемелдеуі Патриоттық ән: орындаушы М.Смайлов Омаров Бағдат «Адай» күйі Қазақ биі
6	11.30-12.00	Көрме: - ат әбзелдері; - Көкпаршының формасы; - Қамшы өру.
7	12:00– 13:00	Келес өзені маңындағы ипподромда атпен серуендеу
8	13:00– 14.00	Түскі ас
9	14.00 – 15.00	«Зообаққа» экскурсия (түйеқұс, киік, елік, тауыс, цецарка, кептер, бөдене, тотықұс, кекілік құс, қырғауыл, қоян)
10	15.00-16.00	Келес өзенінде қайықпен серуен жасау
11	16.00-16.30	Іс-шараны қорытындылау.
12	16.30 – 16.40	Жалпы фото-видеоға түсу.
13	16.40 – 17.00	Қатысушыларды шығарып салу.

Халықаралық туризм күніне арналған ҚР білім қызметкерлері арасындағы «ЕУРОПА-АЗИЯ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТУРИСТІК фестивалінің қорытындысы

«Еуропа-Азия» туристік фестивалі 26 жылдан бері Батыс Қазақстан облысының әкімдігі білім басқармасының балалар мен жасөспірімдер туризм және экология облыстық орталығының ұйымдастыруымен өткізілуде.

Фестивальдің мақсаты: педагогтердің туристік және кәсіби шеберліктерін шыңдау, қазақстандық патриотизмді қалыптастыру, білім қызметкерлері арасында туристік-өлкетану қызметі бойынша озық тәжірибені айқындау және насихаттау.

Биыл бірінші рет республикалық дәрежеде өткізілген фестиваль 20-23 қыркүйек аралығында Орал қаласының «Евразия» туристік кешенінде далалық жағдайда өтті.

Фестивальға 23 командадан 164 педагог қатысып, өз тәжірибелерін шыңдады. Жалпы 23 команданың 14-і Батыс Қазақстан облысынан 9 команда еліміздің басқа өңірлерінен (Ақтөбеден - 3, Атыраудан 2, Жамбылдан - 1, Қостанайдан - 1, Түркістаннан - 1, Маңғыстаудан - 1) қатысты. Шараға республика көлемінде мектеп мұғалімдері, колледж оқытушылары, қосымша білім беру педагогтері, қалалық, облыстық және аймақтық білім беру қызметкерлері қатысты.

Ауқымды ірі шарада 5 техникалық қашықтық жарыстары, 6 конкурстық, 4 спорттық байқаулар өткізілді.

Фестиваль жеңімпаздарына Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығының дипломы, сертификаттары мен Батыс Қазақстан облыстық балалар мен жасөспірімдер туризмі және экология орталығының естелік сыйлықтары табысталды.

Үздік командалар төмендегідей нәтижелер көрсете білді:

1. ТЕХНИКАЛЫҚ ҚАШЫҚТЫҚ ЖАРЫСТАРЫ:

«Спорттық лабиринт» қашықтығы:

А тобы – Ерлер

1 орын – Бақсыбаев Жұмабек
(БҚО, Қаратөбе ауданы)

2 орын – Кенгесбаев Естай
(БҚО, Бәйтерек ауданы)

3 орын – Дуйсенғалиев Нурболат
(БҚО, Теректі ауданы)

А тобы – Әйелдер

1 орын – Изғалиева Динара
(БҚО, Тасқала ауданы)

2 орын – Кайрлиева Назерке



- (БҚО, Қаратөбе ауданы)
3 орын – Жайманова Гулбарам
(БҚО, Сырым ауданы)
Б тобы – Ерлер
1 орын – Кемалов Бекбол (Маңғыстау об-
лысы)
2 орын – Турсынбай Ермарал
(Түркістан облысы)
3 орын – Портнягин Андрей (Жамбыл об-
лысы)
Б тобы – Әйелдер
1 орын – Сарсенова Алмагуль
(Орал қаласы, №24 ОМ)
2 орын – Сағатова Алтынай
(Маңғыстау облысы)
3 орын – Журунтаева Аида (Ақтөбе облысы)

«Техникалық» қашықтығы:

- А тобы
1 орын – Бөрлі ауданы
2 орын – Жәнібек ауданы
3 орын – Сырым ауданы
Б тобы
1 орын – Казталов ауданы
2 орын – Қостанай облысы
3 орын – Ақтөбе облысы

2. «ӨТКЕЛДЕР» ҚАШЫҚТЫҒЫ

- А тобы
1 орын – Жәнібек ауданы
2 орын – Бөрлі ауданы
3 орын – Теректі ауданы
Б тобы
1 орын – Қостанай облысы
2 орын – Маңғыстау облысы
3 орын – Орал қаласы

«Жеке» қашықтығы

- А тобы - Ерлер
1 орын – Неталиев Карим (Алматы қаласы)
2 орын – Кенжемұрат Темірлан
(БҚО, Бөрлі ауданы)
3 орын – Нигметов Ерлан
(БҚО, Жәнібек ауданы)
А тобы - Әйелдер
1 орын – Сагиналиева София
(БҚО, Жәнібек ауданы)
2 орын – Сарсенова Оралгүл
(БҚО, Бөрлі ауданы)
3 орын – Абдрахманова Балсла
(БҚО, Теректі ауданы)

«Фрироуп» қашықтығы

- Б тобы - Ерлер
1 орын – Рахимов Еламан
(БҚО, Жаңақала ауданы)
2 орын – Қарағойшин Берик
(БҚО, Бөкей ордасы ауданы)
3 орын – Кульманов Аманат (Ақтөбе облысы)
Б тобы - Әйелдер
1 орын – Сағатова Алтынай
(Маңғыстау облысы)
2 орын – Павлина Елена (Қостанай облысы)
3 орын – Журунтаева Аида (Ақтөбе облысы)

3. «БАЙЛАМ» ҚАШЫҚТЫҒЫ

- А тобы – Ерлер жұбы
1 орын – Мұрат Е./Кенжемұрат Т.
(БҚО, Бөрлі ауданы)
2 орын – Нигметов Е./Нурсұлтан И.
(БҚО, Жәнібек ауданы)
3 орын – Умбетияров М./Тілеу М.
(БҚО, Сырым ауданы)
А тобы – Аралас жұп
1 орын – Ералиев Т./Сарсенова О.
(БҚО, Бөрлі ауданы)
2 орын – Садуакасов М./Шингалиева Ж.
(Ақтөбе облысы)



3 орын – Ажигалиев С./Жайманова Г.
(БҚО, Сырым ауданы)

«Байлам» қашықтығы

Б тобы – Ерлер жұбы

1 орын – Гильманов А./Давлеткереев Ч.
(Ақтөбе облысы)

2 орын – Шаймерденов А./Шайхитденов Ж.
(Қостанай облысы)

3 орын – Сундеткалиев Т. /Медрасимов Т.
(Орал қаласы)

Б тобы – Аралас жұп

1 орын – Хасанов Е./Қаирлиева Н.
(БҚО, Қаратөбе ауданы)

2 орын – Ғылым Ә./Аяпов Қ.
(БҚО, Казталов ауданы)

3 орын – Кондратьев Д./Павлина Е.
(Қостанай облысы)


4. БАЙҚАУЛАР:

«Екі жұлдыз»

1 орын – Абдрахманова Б. / Ерзаков Н.
(БҚО, Теректі ауданы)

2 орын – Ералиева С./ Утеуов С.
(БҚО, Ақжайық ауданы)

3 орын – Асқарұлы Н./Мырзабекова Б.
(Маңғыстау облысы)



«Менің кіші Отаным» бейнеролик байқауы

1 орын – Маңғыстау облысы

2 орын – БҚО, Бөрлі ауданы

3 орын – БҚО, Жәнібек ауданы

«БАҚ-та жарияланған туристік мақалалар» байқауы

1 орын – БҚО, Бөрлі ауданы

2 орын – Орал қаласы

3 орын – БҚО, Бәйтерек ауданы

«Менің 5 минуттық сабағым» онлайн сабақ байқауы

1 орын – БҚО, Бөрлі ауданы

2 орын – Маңғыстау облысы

3 орын – Атырау облысы

«Бард әндері» байқауы

1 орын – Кубайтов Қуаныш

(Бөкей ордасы ауданы)

2 орын – Қдырбаев Берекет (Атырау облысы)

3 орын – Бултанов Асылхан (Казталов ауданы)

«Туристік тұрмыс және дағды» байқауы

1 орын – БҚО, Бөкей ордасы ауданы

2 орын – БҚО, Жәнібек ауданы

3 орын – Орал қаласының №24 ЖОББМ

5. СПОРТТЫҚ ОЙЫНДАР:

«Футбол» ойыны

1 орын – Жамбыл облысы

2 орын – Маңғыстау облысы

3 орын – Орал қаласының №24 ЖОББМ

«Волейбол» ойыны

1 орын – Орал қаласының №24 ЖОББМ

2 орын – Атырау облысы

3 орын – Жамбыл облысы

«Дартс» ойыны

1 орын – Неталиев Карим (Алматы қаласы)

2 орын – Ақмолдаев Азамат

(Маңғыстау облысы)

3 орын – Бақсыбаев Жұмабек (Қаратөбе ауданы)

«Асық ату» ойыны

1 орын – Асқарұлы Нургиса

(Маңғыстау облысы)

2 орын – Мухамбетов Жасулан

(БҚО, Теректі ауданы)

3 орын – Айбулатов Асылбек

(БҚО, Қаратөбе ауданы)

В.Фоминді еске алуға арналған облыстық «Алтын Дала» туриадасының қорытынды ақпараты

Білім басқармасының 2023 жылғы 14 қыркүйектегі №825 бұйрығына сәйкес, ағымдағы жылдың 17-20 қазан күндері В.П. Фоминді еске алуға арналған облыстық «Алтын Дала» туриадасы оқушылардың жаяу туризмі техникасынан дайындық деңгейін арттыру және спорттық шеберліктерін шыңдау мақсатында өткізілді.

Жарысқа 10 аудан және Орал қаласынан барлығы 93 қатысушы қатысты. Қазылар алқасы Ақжайық, Бөрлі, Жәнібек аудандарының жақсы дайындықтарын атап өтті. Жарыс бағдарламасына сәйкес «Байлам», «Эстафета», «Жеке», «Техникалық» қашықтықтары, «Фотосуреттер», «Робинзонада» байқаулары өткізілді. Былтырғы жеңімпаз атанған командаға ауыспалы кубок табысталды.

4 КҮНГЕ СОЗЫЛҒАН ЖАРЫСТЫҢ НӘТИЖЕСІНЕ СӘЙКЕС:

«Жеке» қашықтығы жасөспірімдер тобы бойынша (ұлдар):

- I орын – Аяп Жалғас (Бәйтерек ауданы);
- II орын – Муратов Батырхан (Жәнібек ауданы);
- III орын – Самат Бекзат (Ақжайық ауданы).

«Жеке» қашықтығы жасөспірімдер тобы бойынша (қыздар):

- I орын – Джумагалиева Гулизар (Бөкей Ордасы ауданы);
- II орын – Ерғали Гүлмира (Ақжайық ауданы);
- III орын – Оразалы Айару (Бәйтерек ауданы).

«Жеке» қашықтығы балалар тобы бойынша:

- I орын – Темірхан Мұрагер (Бөрлі ауданы);
- II орын – Серік Мансур (Қаратөбе ауданы);
- III орын – Қайырғалиев Алимжан (Ақжайық ауданы).

«Эстафета» қашықтығы бойынша:

- I орын – Ақжайық ауданының командасы;
- II орын – Бөрлі ауданының командасы;
- III орын – Жәнібек ауданының командасы.

«Байлам» қашықтығы жасөспірімдер тобы бойынша (ерлер жұбы):

- I орын – Қабылқайыр А./Асылбек Т. (Ақжайық ауданы);

II орын – Кәрім С./ Жәңгірханұлы Ә. (Қаратөбе ауданы);

III орын – Алипов Б./ Жамбыл Ә. (Бөрлі ауданы).

«Байлам» қашықтығы жасөспірімдер тобы бойынша (аралас жұп):

I орын – Ерғали Г./Самат Б. (Ақжайық ауданы);

II орын – Оразалы А./ Базарбаев О. (Бөрлі ауданы);

III орын – Джумагалиева Г./ Нұртан С. (Бөкей Ордасы ауданы).

«Байлам» қашықтығы балалар тобы бойынша:

I орын – Темірхан М./ Хамзиев А. (Бөрлі ауданы);

II орын – Серік М./ Алпамыс Д. (Қаратөбе ауданы);

III орын – Мади А./ Максим Д. (Жәнібек ауданы).

«Техникалық» қашықтығы бойынша:

- I орын – Ақжайық ауданының командасы;
- II орын – Бөрлі ауданының командасы;
- III орын – Жәнібек ауданының командасы.

«Робинзонада» байқауы бойынша:

- I орын – Ақжайық ауданының командасы;
- II орын – Бөрлі ауданының командасы;
- III орын – Жәнібек ауданының командасы.

«Туристік фотосуреттер» байқауы бойынша:

- I орын – Ақжайық ауданының командасы;
- II орын – Казталов ауданының командасы;
- III орын – Бөкей Ордасы ауданының командасы.

ЖАЛПЫ КОМАНДАЛЫҚ ЕСЕПТЕ:

I орын – Ақжайық ауданының командасы (жет. Темірболат А);

II орын – Бөрлі ауданының командасы (жет. Ералиев Т);

III орын – Жәнібек ауданының командасы (жет. Нигметов Е).

**Жарыс жеңімпаздарын
құттықтаймыз!!!**

«Менің Отаным – Қазақстан» туристік республикалық экспедициялық жасақтар слетінің қорытындысы

2023 жылдың 27-29 қыркүйек күндері Орал қаласында «Менің Отаным – Қазақстан» туристік экспедициялық жасақтардың республикалық слеті ұйымдастырылды.

Слет балалар мен жастарда азаматтылық пен отаншылдық сезімдерін тәрбиелеу, экспедициялық жасақтардың туристік қызметін жандандыру жолымен салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында ұйымдастырылды.

Слетке республика бойынша облыстық, Астана, Алматы және Шымкент қалалық кезеңдердің жеңімпаздары – жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдарының білім алушыларынан 180 оқушы 20 команда қатысты.

Слет келесі номинациялар бойынша өткізілді. Өлкетану блогы бойынша: «Халық дәстүрлері, әдет-ғұрыптар мен мәдениет» және «Туризм-спорт, денсаулық, демалыс» номинациялары, туристік блогы бойынша: «Туристік кедергілер жолағы» мен «Жартасқа шығу» қашықтықтары, шығармашылық бағыт бойынша: Туристік әндер» байқауы ұйымдастырылды.

Шараның жабылу салтанатына Нарымбетов Бакытжан Хаберович-Батыс-Қазақстан облысы әкімінің орынбасары, Тарасенко Елена Ивановна- ҚР Президенті жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-

демографиялық саясат жөніндегі Ұлттық комиссия төрағасының орынбасары, Шер Раиса Петровна - ҚР Оқу-ағарту министрлігінің Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығының директоры, Траиспаева Маржан Омарбековна - «Kazakh Tourism» ұлттық компаниясы» АҚ туристік өнімдерді дамыту департаментінің директоры, Қайрат Жарылқасынұлы Үмбетов - “Халық қаһарманы”, генерал-майор, облыстың жергілікті атқарушы органдарының өкілдері, туристік-өлкетану, экологиялық-биологиялық бағыттағы қосымша білім беру ұйымдарының басшылары мен орынбасарлары және Орал қаласының мектеп оқушылары қатысты.

Слеттің жеңімпаздарын атап өтсек:

«Туристік кедергілер жолағы» қашықтығы бойынша: 1 орын – «Жайық ұландары» командасы (Батыс Қазақстан облысы), 2 орын – «Атамекен» командасы (Батыс Қазақстан облысы), 3 орын – Ақтөбе облысының командасы. «Жартасқа шығу» қашықтығы: 1 орын – Нұрбек Назым және Алмасұлы Тамерлан (Алматы қ.), 2 орын – Даукенов Алишер және Бадаева Милана (Ақмола облысы), 3 орын – Калбанова Сауле, Хасанов Даян (Қостанай облысы). Өлкетану блогының «Туризм-спорт, денсаулық, демалыс» номинациясы бойынша





1 орын - Альмаганбетов Бекнур (Ұлытау облысы), 2 орын - Тоғызбай Саят (Батыс Қазақстан облысы), 3 орын - Жарылқады Айша (Шымкент қ.), «Халық дәстүрлері, әдет-ғұрыптар мен мәдениет» номинациясынан 1 орын – Қанаш Ернұр (Павлодар облысы), 2 орын – Нағым Ақжол (Батыс Қазақстан облысы), 3 орын – Абай Нұрайым (Шығыс Қазақстан облысы), ал «Туристік әндер» байқауы бойынша: 1 орын - Беріков Дінмұхамед (Астана қ.), 2 орын - Биянова Данияға (Павлодар облысы), 3 орын - Ерешов Саят (Батыс Қазақстан облысы) иеленді.

Батыс Қазақстан облыстық балалар мен жасөспірімдер туризм және экология орталығы қамқоршылық кеңесінің төрағасы Валентина Павловна Михноның атынан арнайы

сыйлық тағайындалып, Солтүстік Қазақстан облысының командасына табысталды. Слет сәтті аяқталып, қала қонақтарына өлкемізге экскурсия жасалды. Қатысушыларға естелік кәдесыймен, жетекшілеріне «Батыс-Қазақстан облысының туристік-өлкетанулық қызметі» кітабы табысталды.

Ұйымдастырушылар: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Республикалық қосымша білім беру оқу – әдістемелік орталығы және Батыс Қазақстан облысының әкімдігі білім басқармасының балалар мен жасөспірімдер туризм және экология облыстық орталығы.

Дайындаған:
Альмуханова Р.С.



ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ! ПОЗДРАВЛЯЕМ!



«ҚР ТУРИЗМ САЛАСЫНЫҢ ҮЗДІГІ» төсбелгісі
НҰРМАНОВ Райлан Ерсайнович
Спорттық бағдарлау
бөлімінің меңгерушісі



«ҮЗДІК СПОРТ ҚЫЗМЕТКЕРІ» төсбелгісі
МАЗУРЕНКО Виталий Вячеславович
Спорт және дене шынықтыру бөлімінің
меңгерушісі



**«ҚР ТУРИЗМ САЛАСЫНА
СІҢІРГЕН ЕҢБЕГІ ҮШІН»** төсбелгісі
НЕТАЛИЕВА Камшат Едрисовна
Туризм және қауіпсіз маршруттар
бөлімінің меңгерушісі



«ҮЗДІК АҚПАРАТ ҚЫЗМЕТКЕРІ»
төсбелгісі
ҚАЙРЛИЕВА Құралай Жауынбаевна
«Соқпақ-Тропинка» ғылыми-әдістемелік
журналының бас редакторы

Республикалық «Соқпақ-Тропинка» ғылыми-әдістемелік журналына жазылуға шақырамыз!

Журналда Қазақстанның және алыс-жақын шетелдердің ғалымдары мен педагогтерінің туризм, өлкетану, экология бағыттарындағы еңбектері 18 жылдан бері республика көлемінде таратылып келеді.

2024 жылға жазылу 2023 жылдың 25 желтоқсанына дейін «Қазпошта» АҚ бойынша жүргізілуде.

Жазылу индексі: 75184, 25184 «Қазпошта» АҚ, «Қаз Пресс» ЖШС;
Жазылу құны (жарты жылға/жылға): жеке – 3000/6000 тг, ведомстволық – 3600/7200тг; 1 данасы – 1000 тг;
Мұқабасы: түрлі-түсті, 64 бет, 2 айда бір рет шығады, жылына шығатын саны - 6;
Тіркелу куәлігі: №44482-Ж (01.12.2003); № KZ40VPU00044511 (24.12.2021);
Тақырыптары: «Өзекті мәселелер», «Әдіснама», «Туризм», «Өлкетану», «Экология», «Спорт», «Спорттық бағдарлау», «Педагогикалық іс-тәжірибе (сабақтар)»;
Мақалаға қойылатын талап: 5 беттен кем болмауы, 2 тілде андатпа (қазақ, орыс), кілт сөздері, автордың және мақалаға қажетті JPG форматтағы фотолар, пайдаланылған әдебиеттер тізімі, жазылғаны туралы түбіртек;
Таратушы/баспахана: «Батыс Қазақстан облысының әкімдігі білім басқармасының балалар мен жасөспірімдер туризм және экология облыстық орталығы» МКҚК;
Мекен-жайы: Орал қаласы, Исатай батыр көшесі, 71/1,
Тел/факс: (8-7112) 52-58-87; 52-59-42,
E-mail: evrasia_centre@mail.ru

Подписываемся на Республиканский научно-методический журнал «Соқпақ-Тропинка»!

В журнале на протяжении 18 лет в республике публикуются труды ученых и педагогов Казахстана, ближнего и дальнего зарубежья в области туризма, краеведения, экологии.

Подписка на 2024 год через АО «Казпочта» продолжается до 25 декабря 2023 года.

Подписной индекс: 75184, 25184 АО «Казпочта», ЖСШ «КазПресс»;
Стоимость подписки (на полгода/на год): индивидуальная-3000 тг/6000, ведомственная-3600 тг/7200; 1 шт-1000 тг;
Обложка: на цветной глянцева бумаже, 64 страницы, выходит раз в 2 месяца, количество выходов в год - 6;
Свидетельство о регистрации: №44482-Ж (01.12.2003); № KZ40VPU00044511 (24.12.2021);
Темы: туризм, краеведение, экология, педагогическая практика (занятия), актуальные вопросы;
Требования к статье: не менее 3-х страниц, аннотация на 2-х языках (казахский, русский), ключевые слова, фотографии автора и необходимого для статьи формата JPG, квитанция о подписки;
Распространитель/типография: ГККП «Областной центр детско-юношеского туризма и экологии Управления образования акимата Западно-Казахстанской области»;
Адрес: г. Уральск, ул. Исатай батыра, 71/1,
Тел/факс: (8-7112) 52-58-87; 52-59-42,
E-mail: evrasia_centre@mail.ru

